

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

20 қараша 2022
ноября 2022

ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!

• ІШТЕ ПІКІР ІРКІЛМЕСІН

Еттен – сөл, сайлаудан мән кетпесін

Қайрат ӘБІЛДА

Шөбін тасып, отынын үйіп алған ауыл қазағының бүгінгі әңгімесі күздік жайында. «Күздік сойдың ба?» деген сұралды есен-саулықтан кейін. «Биыл күздіктің малы жүдеу. Тәуір дегеніңің өзі шынтақты әреп береді. Неге дегенің, жер азып кетті...». Дәл осыған төркіндес әңгімені кейінгі кезде жиі еститін болдық...

Иә, кейінгі жылдары қыс баласы қар аз түсіп, жаңбыр да сирексіп кетті. Мұның бәрі құмарынан шықпаған қара жердің құнарын кемітіп, топырақтың тозуына «септігін» аз тигізіп жатқан жоқ. Ал, бұл дегеніңіз азын-аулақ малына үміт артқан шаруаны алаңдатпай қоймайды.

Әңгіме күздіктен туындады ғой. Енді бір азғанадан соң соғымның да жырына кезек келеді. Ертеншіл қазақ үшін шошаласы мен мұздатқышпен етке толтыру – ежелгі дағдыға иек артқан игі дәстүр ғой. Сондықтан, бұл соғым дегеніңіздің көгенкөздің баласы үшін бүгін де, күні ертен де аса бір керектің бірі болып қала беретініне титтей де күмән жоқ.

Соғым демеңші, ауылдағы бір ағамызды дәл осы шаруаға келгенде қамшы салдырмайтын хас шебердің дәп өзі деуге болады. Сол кісі айтады: «Соғым сойғанда жылқының етін суытып барып тұздау керек. Буы бұрқыраған ыстық кезінде тұздасаң, сөлі ағып кетеді...». Қаперге алатын-ақ кеңес, негізі...

Енді бір аз ғана күннен кейін өте маңызды шаруа – Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы болады. Жасыратыны жоқ, ертеншіл елдің бұл саяси науқаннан күткені көп.

Иә, мамыражай тірлікті, тоқ тұрмысты кім қаламайды дейсіз. Ал, енді, осы игіліктің бәрі аспаннан сауланды өзіңнен түспейді ғой. Мұны мемлекеттің пайдасына жарататын, қара халықтың қажетіне бұйыртып – қайраткер тұлғаның халықаралық деңгейдегі батпандай салмағы мен байыпты саясаты, қажыры мен қайраты. Әлбетте, мұның жай-жапсарын сайлаушы қауым жақсы білуі тиіс.

Иә, жасампаздықтың жолын тандап, әділеттіліктің туын желбіретуге құлшыған Қазақстан үшін демократияның даңғылына түсуден басқа жол жоқ. Ал бұған жету үшін белгілі бір кезеңнің елесінен арылып, бүгінгінің көлденең жатып алған белесін бағындыруға тура келеді.

Мәселен, бір ғана әкімдер сайлауын алайық. Қазіргі уақытта ауыл әкімдерін жергілікті халық өзі сайлай бастады. Бұл демократиялық өлшемнің биігінен алғанда оң нышан екені сөзсіз. Кезекте аудан және қала әкімдерін сайлау тұр. Міне, дәл осы жерде бізге асығыстыққа бой ұрмаған сабырлы да сарабал саясат керек. Әйтпесе, әлгі буы бұрқыраған етті ыстық күйінде тұздағандай әсері болуы әбден мүмкін.

Еттен сөлдің, сайлаудан мәңгі кетпегені біз үшін өте-өте маңызды болар еді.

ҚАРАҒАНДЫ

• КӨКЕЙКЕСТІ

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Kazaqstan»

«Жаһандық ғылыми-техникалық даму барысын ескерсек, жоғары сыныптарда жаратылыстану-математика пәндерін және ағылшын тілін оқытуды барынша күшейту маңызды» – деген еді ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауында. Ал, жаратылыстану-математика бағытындағы мамандықтарға жастардың көп ұмтылмайтыны рас. Баламызды «Қазақ – ақын халық, әнші халық» деп өнерге, әдебиетке баулып өсіреміз. Бұл – дұрыс, әрине. Бірақ, жасынан осыған дағдыланған ұрпақ сол бағытта мамандық таңдайды. Сондықтан да, ғылыми-техникаға қызығушылық аз, математиктер тапшы.

Техника дәуірінде жаратылыстану-математика бағытындағы мамандар көп сұранысқа ие. Жуырда облыс аумағындағы математика пәні мұғалімдерінің басын қосқан бірнеше күндік ауқымды курс өтті. Ал, облыста жылғына көптеген біліктілікті арттыру курсы ұйымдастырылады. Соның бәрі пайдалы ма? Тарқатайық.

Нақтырақ айтсақ, Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының жетекшісі Бақыткүл Әбдікерванованың ұйымдастыруымен математика пәні мен бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Олимпиада есептерін шешу жолдары» тақырыбында бірінші рет 72 сағаттық біліктілікті арттыру курсы өтті. Онда ZERDELI ақыл-ой дамыту орталығының директоры, «Үздік педагог – 2017» атағының иегері Ырысбек Мәуіт пен оның әріптестері дәріс оқып, тәжірибесімен бөлісті.

ZERDELI ақыл-ой дамыту орталығы 2013 жылы ашылған. Шәкірттері 113 қалалық, 27 республикалық, 11 халықаралық деңгейдегі олимпиада жүлдегері атаныпты.

• МӘСЕЛЕ

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Kazaqstan»

Қарағанды облысы еліміздегі экологиясы нашар аймақтардың қатарында екені жасырын емес. Экономиканың бір тірегі саналатын Теміртау шаһарының қары неге қара? Ауа неге лас? Қаламыз неге қоқысқа толуда? Аймақ экологиясының ахуалы неге сын көтермейді? Осы және басқа да маңызды сұрақтарға жауапты бірге іздеп көрелік.

Желідегі жазбаларды қарасаңыз, не деріңізді білмей абдырарыңыз анық. Б.Омарханов, А.Әміртай, С.Терещенко сынды қоғам белсенділерінің әлеуметтік желідегі аккаунттарында жергілікті халықтың осы салаға қатысты алуан-алуан пікірлері құжынап тұр. Жергілікті атқарушы мекемелер, әкімдік өкілдері көбіне мардымды жауап бергенімен, әрекеттері сылбыр. Бұл біз анғанған мәселенің жүзден бірі ғана. Тұтастай алғанда экологиялық ахуал жан-жақты байқалап қарауды, нақты шешім шығаруды қажет етеді.

Біліктілікті арттыру ұстазға пайдалы ма?



Ақылы курсқа Қарағанды, Балқаш, Теміртау, Шахтинск қалалары мен Нұра ауданынан 75 математик мұғалім білімін шыңдады. Ұстаздар бірнеше күндік курста тыр етпей, бір минутын да қалт жібермей тындады, керек жерін түртіп алды. Өйткені, мұнда олимпиада есептерін шығару мұғалімдер. Бұл – таптырмайтын мүмкіндік. Мұғалімнің мәртебесін оқушы алдында биіктете түсетін дүние. Олимпиада есептері мемлекеттік стандарттан тыс, яғни, мектеп бағдарламасында жоқ. Қосымша ізденгеннің өзінде қолға түспейтін аса қажетті есептер.

– «Бірлі-жарым «олимпиадаға дайындық» деген кітаптардың көмегі шамалы. Мектепке барған соң күйбеңге қайта кіріп, баяғы ізіне түссенің. Курсты қимай қоспастық. «Демалыста тағы келесіздер ме?» деп Ырысбек Мәуіт ұстаздан сұрағанда ол: «Шақыртуға байланысты» деп жауап берді. Курста Ырысбек Мәуіт пен оның шәкірттері Бақдәурен Нарбаев пен Бек Берік мұғалімдерді толғандырып жүрген олимпиада есептерінің шешу жолдарын бірнеше күн бойы

көрсетті. Сабақтар өте қызықты болды. Сағат 9:00-де басталып, 14:35-те аяқталып отырды. Олимпиада есептерін талдап қана қоймай, мектеп бағдарламасында жоқ, мұғалімге қиындық туғызатын проблемалық тақырыптарды түсіндіріп берді, – дейді Балқаш қаласы С.Сейфуллин атындағы №7 мектеп-гимназияның бастауыш сынып мұғалімі Айман Исабаева.

Біз ұстаздардың пікірін тындаған соң, «Тағы да өткізуге мүмкіндік бар ма?» деген сауалға жауап алу мақсатында осы шараны ұйымдастырушыларға хабарластық.

– Аудан, ауылдардағы оқушылардың білім көкжиегін кеңейтіп, олимпиадаға дайындау үшін облыстық білім басқармасының «Сарыарқа дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының ішінен «Жас математик» сырттай мектебінің ережесі бекітілді. Оны бірлесе жүзеге асыру мақсатында ZERDELI ақыл-ой дамыту орталығымен екі жақты меморандумға қол қойдық. Биыл екінші жыл жалғасуда. Бытыр 100-ден астам бала қатысты. Қорытындысында, 92 балл

жинаған оқушылар Бұрабайға 3 күндік демалысқа жіберілді. «Жас математик», «Алтын сақа» олимпиадалары арқылы бала саны артауда. Тамыз кенесінде біз облыс әкімі Жеңіс Қасымбек мырзаға енді пән мұғалімдерін де оқыту керектігін айттық. Әкімдіктің, білім басқармасының қолдауымен математика мұғалімдерін оқытуды облыстық білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы қолға алды, – дейді «Сарыарқа дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының басшысы Айдоос Кәріғұлұлы.

Облыстық білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының жетекшісі Бақыткүл Әбдікерванованың айтуынша, алғашқы курстан кейін мұғалімдердің сұранысын қанағаттандыру мақсатында қысқа демалыста курсты тағы өткізуді қолға алғанын айтады. «Мұғалімдерді сабақтан бөлмес үшін демалыс кезеңі таңдалды. Сондай-ақ, алғашқы курсқа қатысқан ұстаздар онлайн түрде сабақтан соң басқа ұстаздарға дәріс оқып, тәжірибесімен бөліседі. Ұйымдастыру жағын біз қолға алдық» дейді ол.

3-бетте

Қоршаған ортаға қамқорлық қажет



Облыстағы өндіріс көлемінің ұлғаюы экологиялық жағдайға кері әсер етуде. «Қазакмыс корпорациясы», «АрселорМиттал Теміртау», «Орталық Азия Цемент», «Өркен», «Қарағанда Энергоцентр», «Vary Mining», «Қарцемент», «Kazakhmys Energy», «Kazakhmys

Smelting» сынды іргелі өнеркәсіп ошақтары өндірістің өндірістердің бір парасы ғана. Аталған алпауыттар шығаратын зиянды қалдықтардың азаюын қандағалау – Қарағанды облысы бойынша экология департаментінің күн тәртібіндегі негізгі міндеттердің бірі. Біз өзекті

сұрақтардың жауабын алу үшін ведомство басшылығына жүгінген едік. Облыс бойынша экология департаментінің басшысы Қанат Мұсапарбеков толғақты мәселеге кешенді тұрғыда дерек пен дәйек келтіргенді жөн санап, бірден цифрге ойысты.

5-бетте

Баспасөз – 2023

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай 5848,50	5919,00
Жеке жазылушылар үшін	12 айға 4116	12 ай 11697,00	11838,00
		6 ай 3100,50	3111,00
		12 ай 6201,00	6222,00

25 қазаннан 25 қарашаға дейін жеңілдікті тарифтер (бір жылға жазылу шартымен)

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Kazaqstan» газетіне 2023 жылға жазылу науқаны жүріп жатыр. Газетке жазылуы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, Ермеков көшесі, 33-үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

Газетке 6 айға және бір жылға жазылуға болады.

Анықтама телефоны: 8 771 528 86 46, 8 702 656 70 61
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Санаты	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ каталогымен қала бойынша	«Қазпошта» АҚ каталогымен аудан/ауыл
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10257,00	10470,00
Жеке жазылушылар үшін	3492	5577,00	5706,00

«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша 12 айға жазылу бағасы: Назар аударыңыз!
«Ortalyq Kazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.



• САЙЛАУ – 2022

Сайлаушылар саны анықталды



Облыстағы сайлаушылар саны анықталды. Президент сайлауында 770 мыңға жуық адам дауыс бере алады, оның ішінде алғаш рет дауыс беретіндер саны – 6890 болса, 1841 адам 90 жастан асқандар.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл туралы 20 қарашадағы ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізуге дайындық туралы облыстық әкімдіктің бірлескен отырысында айтылды.

– Жалпы облыс бойынша 770 мыңға жуық сайлаушы тіркелген. Тізімдер сайлау комиссияларына берілді. Сайлаушылар базасына жекелеген санаттарды енгізу бойынша жұмыс жүргізілді. Бұл жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттері, вахталық әдіспен жұмыс істейтін кәсіпорын қызметкерлері, әскери қызметшілер. Сайлаушылар тізімін жаңарту жалғасуда, – деді облыс әкімі Жеңіс Қасымбек.

Өңірде 656 сайлау комиссиясы бар. Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Қайрат Нұрқеновтің айтуынша, қазір барлық учаскелерде белсенді жұмыс жүргізілуде. Сайлау комиссияларының мүшелері тренингтен және тестілеуден өтті және сертификатталды. Сондай-ақ, Қайрат Нұрқенов сайлау учаскелері барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етілгенін де атап өтті.

Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін жағдай

жасалған. Сайлау учаскелерінде тактильді тактайшалар бар. Арнайы бұрыштар мен кабинеттер да жабдықталған. Сайлау күні ымдау тілі мамандарының кезекшілігі де ұйымдастырылады. Дауыс беру орнына инватаксімен келуге болады.

Кеңесте сайлауға дайындық туралы барлық жұмылдырылған ұйымдар мен ірі қалалардың әкімдері баяндады. Жеңіс Қасымбек азаматтардың сайлау құқығын іске асыру үшін барлық мәселелерді сапалы шешу қажеттігін атап өтті.

Жиын барысында облыс тұрғындарына сайлаушылар тізімінде өздерінің бар-жоғын қалай тексеру керектігі ескертілді. Мәселен, интернетте өзіңіз қарауға немесе Setim109 бірінші басқару қызметіне хабарласуға болады. Одан бөлек, Sailau09.kz арнайы сайты жұмыс істейді. Мұнда әрбір пайдаланушы ЖСН немесе жеке куәлік нөмірі арқылы өз учаскесін таба алады. Сондай-ақ, барлық қалалар мен аудандар әкімдіктерінің сайттарында «Сайлаушылар тізімінде өзіңізді тексеріңіз!» деген қосалқы парақша қолжетімді.

Болашақ өз қолымызда

20 қарашада елімізде мерзімінен бұрын Президент сайлауы өтетіні бізге мәлім. Осыған байланысты тұрғындардың дені «Сайлауға бару керек пе, жоқ па?» деген сан сауалға ден қоятыны анық.

Сайлауға бару – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз. Біз бүгінгіміз бен болашағымызды, елдің даму бағытын өзіміз таңдаймыз. Яғни, ұрпағымыздың ертеңі бүгінгі біздің қолымызда. Бізде өзгеріс жасауға және еліміздің ертеңін жарқын қылуға мүмкіндік бар. Сол үшін шешім қабылдаймыз және ол үшін жауап береміз. Сайлауға қатысу үшін барлық жағдай жасалған.

Қазір Қазақстанда президент 7 жылда бір рет қана сайланады әрі қайта сайлауға тыйым салынады. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы өз сөзінде: «Реформалар не үшін жүзеге асырылып жатыр деген сұрақ туындауы мүмкін. Мәселе мынада, президент лауазымын ұзақ уақыт бойы бір адам атқармауы керек. Әлемде болсын, біздің елде болсын, егер ұзақ жылдар бойы бір адам ғана жоғары лауазымға ие болса, мұндай жағдай бұл елге де, оның басшысына да құрмет көрсетпейді» деп айтқан болатын.

Мен сайлауға барып, сайлау уәдесінде өзімізді белсенді азаматтық ұстанымды көрсетемін. Себебі, менің таңдауым – бұл мемлекеттің болашағы.

кетті басқару процесіне қатысу, билікке және елдің болашағына ықпал ету құқығы. Біздің дауысымызға ештеңе тәуелді емес деп, дауыс бермей, өздерінің билікке қатысты азаматтық ұстанымдарын білдіру мүмкіндігін жіберіп алатындар да бар.

Болашақ өзімізге, яғни, жақындарымыз, балалары мен немерелерінің, елдің тағдырына алаңдаушылық танытатын адамдарға байланысты.

Әркімнің жауапкершілігі, міндеттері, жеке пікірі бар және оны айтуға құқылы. Менің ойымша, сайлауға бару және дауыс беру – дұрыс шешім. Өзгеріміз келсе, құқықтық тұрғыда әрекет етуіміз керек. Оны біреу жасап береді екен деп, күтудің қажеті жоқ. Себебі, басқалар үшін өмір сүре алмаймыз. Болашақ – өз қолымызда!

Света ШАРДАРБЕКОВА,
ҚР Кәсіподақтар Федерациясының
заң клиникасы филиалының
басшысы

• БРИФИНГ

«Арселор» уәдеге берік пе?

Қарашадағы күспен бірге қайтқан, шахтадан шалқалап шыққан бесеудің қазасының себебі Үкімет деңгейінде тергелуде. Қаралы хабар қалтыратқан күні-ақ Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин жетекшілік ететін Үкіметтік комиссия дереу іске кіріскен-ді. Комиссия 10 күнде шешім шығаруы тиіс. Яғни, жарылысқа түрткі жағдайларды анықтайды. Осылайша, күнәлілер кінәсіздердің алдында жауап беруі керек. «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ы болса, апатты азайту үшін аянып қалмайтындықтарын айтып, ант-су ішін әлек. Компания басшылығының сөзіне сенсек, құйған инвестиция – қомақты. Кейінгі жылдары 1 млрд. долларға дейін жеткен. Биылдың өзінде 147 млн. доллар инвестиция бөлген. Бөлек, бөлек шығар, бірақ, қап-қап ақша қат-қабат қайғыдан құтқарар емес. Жеті қат жер астына түсіп, көмір қазатын кенші мамандығының өзі тәуекелге толы десек те, айдың-күннің аманында анығын ұлынан айырылып, «аһ!» ұруы – бұл мәселеде былқылдақ-солқылдаққа орын жоқтығын көрсетеді. Қоғам талабы да сол.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

КОМПАНИЯНЫҢ ОЙЫНДА НЕ БАР?

Еңсені езген бір минут еске алу үнсіздігінен соң алпауыт компания «ағынан» жарылды. «Тас – түскен жеріне ауыр». «АрселорМиттал Теміртау» АҚ бас директоры Биджу Наир қайғылы оқиғаның қайталанғанына қабырға қайысқанын жеткізді. Қаза тапқандардың отбасыларына моральдық және қаржылық қолдау көрсетілетінін және мәлімдеді. Міндеттемелерін мүлтіксіз орындауға бейіл екендіктерін де еске сала берді.

– Мынадай жағдайды қайтадан бастан өткергеніміз өзекті өртейді. Оқиғадан соң іле-шала біз марқұмдардың отбасына бардық. Оларға барынша қаржылық және моральдық көмек көрсетудеміз. Қазір оқиғаның себебін анықтау үшін тергеу жүріп жатыр. Иә, біздің алдымызда шахталардағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты зор міндеттер тұр. Мен осында жұмыскерлеріміз үшін, кәсіпорындарымызды қауіпсіз ету үшін келген едім. Бұл қауіпсіздікті ертерек қамтамасыз ете алмағанды менің жаныма батады. Алайда, бар командамыз жұмысқа жұмылдырылған. Біз бұл міндетті де орындаймыз, кәсіпорындарымызды қауіпсіз қыламыз, – деді Биджу Наир.

Атқарушы директор Виджай Гозль алдағы уақытта қайғылы жағдай қайталанбау үшін компанияның шаралар кешенін қабылдайтынын айтады. Бұл күнде Ленин атындағы шахтада



Коллаж жасаған Шипур Адамбеков

жұмыс тоқтап тұр. Шахтада жұмыс істеді және оған байланысты тәуекелдердің тұжырымдамасы қайта қарастырылатын болады. Осының негізінде атқарушылар шаралардың жоспары жасалмақшы.

– Жұмысты жақсарту үшін сырттан сарапшылар тартылады. 1 млрд. доллар көлеміндегі инвестиция ендігі нәтижесін бере бастады. Бұл қаражаттар біздің жұмысшыларымыздың қауіпсіздігін, қоршаған ортаны қорғауға және құрал-жабдықты жаңғыртуға жұмсалды, – деді Виджай Гозль.

Қарағанды шахталарына қожалық еткен жылдары қанша апат орын алғаны туралы нақты статистика айтылмайды. Бірақ, Ленин атындағы шахтадағы осыдан 16 жыл бұрын 41 адамды алып кеткен қайғылы жайт әлі елдің есінде. Онда техника қауіпсіздігін сақтамаған деп, шахтаның 6 жұмыскері сотталған. Енді елде бір сұрақ. Бұл жолы кім сотталады? Тағы өзіміз бе? Бұл да – көптің көкейін тескен, әзірге жауабы жоқ ашық сауал боп тұр.

25 ЖЫЛ БОЙЫ ДЕГАЗАЦИЯ ЖҮРГІЗІЛМЕДІ ДЕГЕН АҚПАР ЖАЛҒАН

Ширек ғасыр бойына «АрселорМиттал Теміртау» АҚ шахталарында дегазация жүргізбеді деген мәлімдеме, расы керек, жұрттың жүйкесіне ши жүгіртті. Осыз да шырғып тұрған қоғамның қиыншылығына тиіп кеткен-ді. Былай қарасаңыз, шахтадағы сірескен газды шығармау – қолдан жасалған жарылыспен парапар іспеттес. Бұл қаншалықты шындық?

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ Көмір департаментінің директоры Арман Қалықов департамент тарапынан газды шығару үшін барлық шараларды жүзеге асырғандығына сендіреді. Оның айтуынша, бұл қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

– Көмір департаменті дегазация жасау үшін бар әдіс-тәсілді қолданады. Атап айтқанда, ол жер үсті, жер асты бұрғылаулар. Жекелеген кей жылдары түрлі максатта 400 шақырымға дейінгі ұңғымалар бұрғыланды. Былтырғы жылы ондай 310 шақырым. Сондай-ақ, метан газын сорып алу үшін неміс өндірушісінің қазіргі заманғы вакуумдық-сорғы станцияларын қолданамыз. Шахталарда мұндай 26 станция бар. Бұл – ТМД-дегі ең ірі дегазация станциясы. Өзге ТМД елінің біреуінде жоқ. Соңғы 20 жылда АҚШ, Аустралия, Ресей, Қытай елінің компанияларымен бірлесіп жұмыс

істедік. Газсыздандыру тәсілдерінің бәрін шахталарда қолдандық. Атқарылған істің бәрін байламы біреу ғана. Ол – біздің сілемдер төмен газдалған деген байлам. Яғни, сілемдерді бұзғанда ғана газ шығатындығы. Газсыздандыру жұмысы бір минутқа да тоқтаған емес, – дейді Арман Қалықов.

АПАТТЫҢ АЛДЫН АЛАТЫН ОЗЫҚ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚ ЖОҚ ЕМЕС

Кеншілер үшін қауіпті жұмысты жүргізетін заманауи құрал-жабдықтар алу үшін биыл 40 млн. доллар жұмсалғанын айтады Биджу Наир. Оның сөзіне сенсек, шахталарда қашықтықтан бұрғылайтын құрылғылар да бар көрінеді.

– Биыл көмір департаментіне 147 млн. доллар бағытталды. Оның 40 млн. доллары газсыздандыру құралдарына жұмсалды. Біз алмаз жалатылған арнайы 25 бұрғылау құралына тапсырыс бердік. Оның бесеуін алдық. Құралдарды неміс компаниясы біздің шахталардың ерекшелігін ескере отырып, орнатты. Төртеуі жұмысқа кірісті. Оның бірі – Ленин атындағы шахтада, – деді Биджу Наир.

«БІРЕУДІҢ КІСІСІ ӨЛСЕ, ҚАРАЛЫ – ОЛ»

Кісісі өлген үйге дәл қазір ат басындай алтын берсе де, басына түскен қайғысынан құтқара алмасы анық. Қаза көрген жаралы жүректі жұбатар жоқ. Дегенмен...

Компания басшылығының айтуынша, қаза тапқан кеншілердің отбасына ұжымдық шартқа байланысты 10 жылдық жалқысы төленеді. Отбасына пәтер беріліп, балаларының бірінші жоғары оқу орнының ақысы өтеледі. Былтыр дәл осы кезде қаза тапқан 6 кеншіге қатысты аталған міндеттемелер орындалды дейді олар.

ҚЫМБАТ ҚАЗЫНАНЫ ЖОҒАЛТЫП ЖАТЫРЫМЫЗ

Ата Заңда мемлекеттің «...ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жазылған. Ендеше, мемлекет осы қазынасына абай болса, игі. Миллиардтаған шашылып жатқан қазынасы жоқ еді. Соны ұдайы ұмытпаса етті. Басқа не дейсіз мұндайда?!

Ал «Арселордың» антка адалдығын, тірі жүрсек, алдағы уақыт көрсетер...

• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысы – республика бойынша электр қуатын көп тұтынатын аймақтар қатарында. Келешекте сұраныс ұлғаяры сөзсіз. Кейінгі жылдары көмірлі өлкеде өндіріс ошақтары көптеп салынып, тұрғын аудандар құрылысы қарқын алды. Қазіргі қажеттілік – 18 млрд. кВт/сағат, 15,5 млрд. кВт-т жергілікті кәсіпорындардан алынады. Қалғаны өзге облыстардан тасымалдануа.

Жақын уақытта энергия қауіпсіздігіне қатысты кешенді жоба қолға алынуы тиіс. Облыстағы энергия орталықтарының барлығы дерлік жетпіс жыл бұрын салынған. Аласыз жүрсек, алысқа ұзамасымыз анық. Десек те, атқарушы билік те қарап отырған жоқ.

Қыс қаһарымен сынайды

«ЖЫЛУ ТАПШЫ БОЛМАЙДЫ»

Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Нұржан Нақыпбековтің айтуынша, келесі жылы Қарағандыдағы ЖЭО-3-тің үшінші жылу желісінің құрылысы аяқталады. Бүгінде 7 мың шақырым құбыр тартылды. Бұл желі Оңтүстік-Шығыстағы жаңа шағын аудандарды жылумен қамтамасыз етеді.

Теміртаудағы да өзекті мәселе жылу еді. Қалаға ЖЭО-2 мен ҚРМАЭС-1 (ҚарГРЭС-1) жылу береді. Соңғы жылдары қуат жетіспеушілігі айқын көрінді. Тұрғындар суық үйде қалған кездері де болды. Сондықтан, аталған кәсіпорындарда жаңғырту жұмыстары қолға

алынуда. Мәселен, 2019 жылдан бері ЖЭО-2-де жетінші қазандық тұрғызылып жатыр. Келесі жылы іске қосылады. Жаңа қазандық 80 Гкал/сағат энергия қорын жасақтауға сеп болмақ.

Бұдан бөлек, Балқашта екі жылу магистралі тартылуда. Алдағы жылы аяқталатын жоба қаланың едәуір бөлігін жылытады.

Сарандықтар келесі жылы орталықтандырылған жылу желісімен қамтылады. Қазір қазандықта құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде.

Шахан жұрты да дәуір игілігінің қызығын көретін күн алыс емес.

– 2019 жылы Шахан кентінде орталық қазандық құрылысы басталды. Қуаты 116 үйге жетеді. Былтыр 23 үй қосылды. Биыл олардың саны 110-ға жетті. Тиісті іс-шаралар әлі де жалғасады. Жылу

тапшылығы болмайды, – дейді Нұржан Нұрланұлы.

Қолда бар дүниені күтіп ұстау да қажет. Аймақтағы барлық ірі энергия көздеріндегі жұмыстар жыл бойы тоқтамайды. 32 қазандық пен 19 турбина жөнделді. Бүгінде 8 қазандық пен 5 турбинада жұмыс жалғасуда.

Жаз мезгілінде облыстағы 7 станция, 680 қазандық, 570 қосалқы электр станциясы және 2 мың шақырымнан астам инженерлік желінің жағдайы жан-жақты псықталды. 1126 әлеуметтік нысан мен 5,5 мың көпқабатты үй тексерістен өтті. Бүгінде бұл нысандар ойдағыдай қызмет етіп тұр. Нұржан Нұрланұлы атап өткендей, отын қоры да жеткілікті.

– Өңірдегі жеті электр станциясында отын тапшылығы жоқ. Қоймаларда 1 миллион тоннадан астам

көмір және 21 мың тонна мазут бар. Облыста 33 көмір сату нүктесі жұмыс істейді. Көмірді тасымау маусым айында басталды. Халықтың көмірмен қамтылуы 83 пайызға жетті. Яғни, 972 мың тонна, – дейді басқарма өкілі.

«ҚЫС ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ»

Биыл облыстың құтқару қызметтері әдетте қар мол түсетін өңірлердегі қадағалауды күшейтпек.

– Тәжірибеге сүйеніп, облыстағы автожолдардың жалпы ұзындығы 747 шақырым болатын 590 учаскесін жіті бақылауға аламыз. Департамент 76 кедергімен жүру мүмкіндігі жоғары көлік пен инженерлік техниканы дайындады. Бұл техника ең қарлы бағыттар – Теміртау, Қарқаралы қалалары, Осака-

ровка, Молодежный, Ақсу-Аюлы, Атасу кенттері бағыттары бойынша жөнелтілді, – деді облыстың төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Ақылбек Ахметжанов.

Сондай-ақ, департамент түрлі құралдар арқылы құлақтандыру жұмыстарын ширатады. Әсіресе, боранды, аязды күндері жолға шықпауға шақырады. Мұз үстінде абайлауға кеңес береді.

– Жақында су бетіне мұз қатады. Жұқа мұзға шығуға, тәуліктің қаранғы уақытында шығуға қатаң тыйым салынады. Тиісті құрылғылармен жабдықталмаған көлікпен мұз үстінде жүруге тыйым салынады. Қыс қателікті кешірмейді, – деді Ақылбек Қосманұлы.

Қыс мезгілінде тұрғын үйлер де жиі өртенетіні белгілі. Өкінішке қарай, іс типі деректері де көбейеді. Жылыту маусымы басталғалы тұрғын үй секторында 65 өрт тіркелді. 3 адам жарақат алды.

Қайғылы жағдайдың алдын алу мақсатында департамент тарапынан түсіндіру шаралары өткізілуде.

● ӨНДІРІС

Жез жерде жатпайды

Борлыда катодты мыс зауыты іске қосылды

Әлемдік экономиканың әйдік бір индикаторы ретінде жер жүзінің мысын басып келе жатқан мыс бүгінде оның қолданыс аясының кеңдігін аңдатады. Ал, Қазақстан әлемде мыс қорынан 6-шы орын иемденсе, елімізде Қарағанды облысы мыс бұлағын ағызған мұрап секілді. Борлы кен орнындағы катодты мыс өндіру зауытының іске қосылуы бүгінгідей ақпараттық технология аршындап тұрған кезеңде жездің жерде жатпайтынын тағы айғақтады.



Актоғай ауданы кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Сайлаукең Әубәкіров зауыттың жергілікті тұрғындарды жұмысқа алатынын алға тартты.

– Зауытқа инвестиция құйған Иран елінің компаниясы. Жобаның құны 9,1 млрд. теңге. Жалпы зауытқа өндіріс орындарын салу үшін 1748, 8 гектар жер телімі берілді. Өнім экспортқа шығады. Қытай және Еуропа елдеріне жөнелту көзделуде, – дейді Сайлаукең Әубәкіров.

Борлының катодты мысы SX-EW технологиясымен өндіріледі. Бұл дегеніміз, қарапайым түсінікті тілмен айтқанда, мысты металл табақшасына тұндыру арқылы алу. Бұл катодты мыстардың сапасы жоғары әрі таза. М00к маркасына сәйкес келеді. Ол – мыстың үлесі 99,9 пайыз дегенді білдіреді.

Негізі, SX-EW катодты мыс өндіру технологиясы гидрметаллургиялық процеске негізделген инновациялық әдіс. Мәліметтер бұл заманауи технологияның елімізде соңғы онжылдықта қолданыла бастағанын атап отыр. Осындай озық технология зауыт құрылысында аса қомақты шығынды қажет етпейді екен. Тағы бір ерекшелігі –

кедей кендердің қорын пайдалануға мүмкіндік беретіндігі. Ал экологияға келсек, қоршаған ортаға тигізер титімдей де залалы жоқ ең тиімді әрі таза әдіс екен.

«Жыл сайын өндірістік қуаттылықтардың жеткіліксіз көлеміне байланысты Қазақстан мыс концентратының шамамен 30% (966 мың тонна) шетелге экспорттайды. Ал, жаңа кәсіпорындардың ашылуы мыс концентратын ел ішінде барынша қайта өңдеуге мүмкіндік беріп, қосылған құны жоғары өнім шығаруға ықпал етеді», – дейді Индустрия және инфрақұрылым министрлігінің баспасөз қызметі.

Жоғарыда атап өткеніміздей, машина жасау мен ақпараттық технологиялардың дамуында мыс өндірісінің маңызы орасан. Статистикалық зерттеулерге сүйенсек, дайын өнім түріндегі әлемдік мыстың 65 пайызы сұйық экстракция мен электролизден, ал 17 пайызы мыс өнімдерін қайталап өңдеуден алынады.

Жалпы, мыс жоғары электр қуатын өткізгіштікті иеленумен бірге, өзге металдардың арасында таза металлдық қасиеті жағынан тек күміске ғана есе жіберіп қояды екен.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ, «Ortalıq Qazaqstan»

Борлы кен орны елге етене таныс. Ол – Актоғай ауданының аумағында. Балқаш қаласынан солтүстікке қарай 60 шақырым, Қоңырат кенішінен 45 шақырым, Шығыс Қоңыраттан 38 шақырым қашықтықта орналасқан. Бұған дейін жасалған барлау жұмыстары кен орнының минералдық қорын 115 млн. тонна шамасында бағалаған деген дерек бар. Ондағы мыстың үлесі 0,35 пайыз көлемінде. Ирандық «Irkaz Metal Corporation» ЖШС-і кеше ғана тұсауын кескен катодты мыс гидрметаллургия зауыты дәл осы Борлының қойнауында.

Зауыттың жобалық қуаты жылына 5 мың тонна катодты мысты құрайды. Бұйыртыса, 140 адам осы зауыттан ішкі жұмысын айырмақ. Жергілікті ресми өкілдер Актоғай ауданының бірнеше тұрғыны ендігі зауытқа жұмысқа тұрып үлгергенін айтады. Алдағы уақытта бұл қатар әлі толығырақ түседі деген сенім бар.

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Энергетикалық компания 2022-2023 жылдардағы күзгі-қысқы кезеңде жұмысқа дайындық паспортын алды.

Ерқанат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalıq Qazaqstan»

Оған дейін тұтынушыларды энергиямен қамту сапасын жақсарту үшін жабдықтарды жаңғырту бойынша жұмыстар жүргізілген.

Компания мәліметінше, «Майкүдық», «Пригородная», «Озерная», «Озерная-2», «Тұзды», «Лазурная», «Комаровская», «Борлы-1», «Матак» 35 кВ қосалқы станцияларына күрделі жөндеу жұмыстары сәтті тәмамдалған. Мұнымен бірге, «Михайловка», «Токаревка» КС-110 кВ және «Саран» КС-220 кВ күрделі жөндеуден өтті.

«Жөндеу жұмыстары Қарағанды, Саран, Шахтинск, сондай-ақ, Бұқар жырау, Абай, Осакаров, Қарқаралы аудандарында жүргізілді, – дейді компания өкілдері. – Қысқы кезеңге дайындық барысын»

«Қарағанды Жарық» қысқа сақадай-сай



да 753 шақырым кабельдік және әуе электр беру желілеріне күрделі жөндеу аяқталып, 201 электр қондырғысы оңдалған.

«Жаңа қала» КС-ден №2 ОТС-6 кВ дейінгі ұзындығы 8 шақырым кабельдік желілер тартылды.

Сондай-ақ, «Қарағанды» КС-ден ТП-2195-ке дейінгі кабельдік-әуе желілерін жаңарту жүргізілді.

Құжатты ҚР Энергетика министрлігінің Атом және энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті берді.

Мақсат - ақпаратты жеткізудің үздік тәсілдерін іздеу



YouTube – бұл қызметтерді немесе белгілі бір өнімді жылжытудың ең қолжетімді, түсінікті, келешегі жарқын жолдарының бірі. Көптеген компаниялар осыны түсінгендіктен, өздерінің YouTube арналарын жасайды. БЖЗҚ да өз салымшылары, алушылары және қазақстандық жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қызығушылық танытқандардың барлығына да пайдалы әрі қажетті нәрсені көп білуге болатын, сонымен қатар олардың қаржылық сауаттылығын арттыратын заманауи алаңды ұсына отырып, бұл үдерістен шет қалмады.

Жазылушыларға ыңғайлы болу үшін барлық ақпарат қазақ және орыс тілдерінде беріледі.

Бейнематериалдар тақырыптық ойнату тізімдеріне бөлінген: жылдар бойынша жаңалықтар мен түсініктемелер, БЖЗҚ-ның бейне-нұсқаулықтары, Zeinet.kz/Пенсия.kz. бағдарламаларының шығарылымдары, «Зейнетақы жүйесі туралы екеуара әңгіме» айдары аясындағы сұхбат.

Сонымен, БЖЗҚ-ның YouTube арнасы жазылушыларға нені ұсына алады?

Мұнда Сіз зейнетақы қызметтерін пайдалану бойынша қадамдық бейне-нұсқаулықтарды тамашалап, мысалы, мынадай сұрақтарға жауап ала аласыз:

- Өз зейнетақы жинақтарының инвесторы болу үшін не істеу керек?
- Зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын неге және қалай алуға болады?
- Болашақ зейнетақыны қалай есептеуге болады?

– «Жеке кабинетті» қалай пайдалануға болады? Сондай-ақ, басқа да көптеген бейне-кеңестер бар. Оларды зерделей отырып, сіз БЖЗҚ-ның сайтында немесе ұялы қосымшасындағы кез келген функцияны оп-онай меңгересіз.

Пайдалы ақпаратты жеке эпизодтарға бөлініп, жаңадан түсірілген егжей-тегжейлі сюжеттерден де алуға болады. Бұл пайдаланушыға бір материалдың ішінен қажетті сұрағын немесе талқыға салынып отырған тақырыбын оңай табуға мүмкіндік береді.

Арнадан БЖЗҚ мамандарының да, шақырылған сарапшылардың да пікірлерін көріп, тыңдауға болады. 31-телеарнадан көрсетілетін Zeinet.kz/Пенсия.kz бағдарламасының барлық шығарылымдарын да осы YouTube арнамыздан таба аласыз.

Қысқа бейнематериалдардан басқа, сұхбат форматында берілетін күрделі сараптамалық бағдарламаларды да байыптап, бағасын беріп отырсаңыз болады. Жүргізушілер өз қонақтарына тосын да, өткір сұрақтарын қойып, жауап ретінде сындарлы көсібі пікір алады. Бұл сарапшымақтардың қанқу әңгімелері мен сылдыр түсініктерінен түбегейлі ерекшеленеді.

Жалпы, мұнда көптеген ақпарат бар және әркім өзіне қажетті ақпаратты табады деп үміттенеміз. Біздің арнаға жазылыңыз, ыңғайлы болу үшін төменгі жағындағы QR кодын қолданып, «лайк» басып, түсініктеме беріңіз, сұраныңыз! Біз әрдайым қуана жауап беріп, көмекке келуге дайынбыз!



P.S. Бейнежазбаны көрген кезіңізде, алдымен, жариялаған күніне назар аударыңыз! Өйткені, БЖЗҚ ақпаратты үнемі жаңартып отырады. Арнаға өзекті нұсқа ғана жүктеліп, ескі бейнежазбалар жойылмай, мұрағатта сақталып қалады. Сол себепті пайдаланушы 2015 жылғы бейнежазбаны көріп, оның ескірген ақпарат екенін байқамай қалуы әбден ықтимал.

Е.СҮЛТАНҰЛЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Шындығында, қазір елді таң қалдыру қиын. Осы күнге дейін аяқталған соң қатысқан ұстаздар осындай курстың жиі өтуін қалайтынын жеткізді. Себебі, әр ұстаз оқушысын білімді етіп өсіріп, олимпиада тұғырынан көргісі келеді. Бұл мектептің де, ұстаздың да абыройы. Бұдан бөлек, біліктілік деген дүние ұстаз тәжірибесінде сақталып қалса, оқушының жетістікке жеткізумен қатар, саналы әрі кемел тұлға болып қалыптауға жетелейді.

– Олимпиадаға математикадан оқушы шығару шыңыраудан кесемен су алып шыққандай дүние. Алдымен, мұғалім өз пәнін терең меңгеруі керек. Мемлекеттік стандартты меңгерту де оңай емес. Электронды журнал толтыру, оқушының дәптерін, жазба жұмысын жүйелі тексеру өз алдына бір жұмыс. Ал, олимпиадаға келсем, сыныптағы оқушының бәрі өзат әрі екпінді емес. Кейбірін басқа пәндер алып қояды. Сабағын 4-ке



оқып жүрген оқушыны амалсыз дайындап апарасын. Олимпиадаға келген есепті өзің сол жерде алғаш көріп тұрасың. Оны оқушы қалай шығарады? Міне, бұл – үлкен мәселе. Ал, осы күнге дейін таппай жүрген олимпиада есептерін шешудің жолдарын үйретті.

Әкемізді көргендей қуанғанымыз – содан. Мұғалімдер жыл басында дарынды баламен жұмыс және олимпиадаға дайындық жұмыс жоспарын бірлесіп жетекшісіне өткізеді. Бірақ, сол жоспармен жұмыс жасауға уақыт таппай тағы шырылдайды. Ал, мынадай курстар жиі өтсе, білім деңгейі өсетіні анық, – дейді әл-Фараби атындағы мектеп гимназиясы математика пәнінің мұғалімі Мархабат Нарова.

40 минутта жаңа бағдарламаны түсіндіріп, оны қайта қабылдап, қалыптастырушы бағалауға жеткізу де үлкен еңбек. Бірақ, олимпиададан оқушының нәтиже көрсетпесе, жұмысқа ынтан да болмайды.

Десек те, небары 5 күндік курс 75 мұғалімнің біліктілік деңгейін көтеріп тастай ала ма? Жоқ, әрітерін шешудің жолдарын үйретті.

қурстарын жиі ұйымдастыру керек. Ақылы болса да, мұғалімдер қатысуға дайын. Бірнеше мұғалім бірігіп талқылаған сабақ керемет де көкейге қонымды болады әрі жатталып қалады. Жиі өтсе, сапа көтеріледі. Қазір ата-аналар да баласының оқығанын қолдап, репетиторға жібереді. Егер, мектептегі білім сапалы болса, ата-ананың да көңілі тоқ әрі қаржысы үнемделер еді. Курсты көбейту – облыстағы жүздеген ұстаздың қалауы. Бірағына хабарластық. Бәрі қолдап отыр. «Ақылы болса да барамыз» дейді.

Брысбек Мәуіттің «Математика олимпиадасына дайындық бастамалары» кітабындағы есептердің шығару жолдары бірігіп талданса, екі-үш жылда олимпиада

да жеңімпаздары шығатынын айтады ұстаздар. Ендеше, неге осы мүмкіндікті пайдаланбасқа? Немістің атақты математигі Карл Гаусстың: «Арифметика – математиканың, ал математика – ғылымдардың патшасы», – деген тұжырымы бар. Қазіргі қоғамға математиктер ауадай қажет. Мұны уақыт дәлелдеп отыр. Енді, осы басталған істі облыстық білім басқармасы, облыстық әдістемелік оқу орталығы, қалалық білім бөлімі басшылары мен мектеп директорлары бірлесіп отырып, сапалы жалғастырса, нәтиже 2-3 жылда шығатыны анық. Ендеше, ауадай қажетті курстар жалғасып, ұрпағымыздың білімді әрі алғыр болуына бәріміз бірдей атсалысайық. Өйткені, немқұрайлылық жарға жығады...

● КЕШ

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Оталық Қазақстан»

**Нұраның бойы
жыр мекен...**

Ыбыжан Төлегенұлы 1939 жылы Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылында дүниесі ашқан. Ы.Алтынсарин атындағы орта мектеп қабырғасында оқып жүріп-ақ баян тартып, күй шертіп облыстық байқаулардың жүлдегері атанды. Бала өнерінің өркен жаюына әкесі, II дүниежүзілік соғыс ардагері Төлеген Жұмағұлов ықпал еткен. Өнерге құштар Ыбыжан мектепті аяқтай салысымен Алматыдағы музыкалық училищенің арнайы курсына қабылданады. Кәсіптік оқуын сәтті тәмамдаған кәнігі сырнайшы туған жерінің мәдениетін өркендетуге ниет қылады. Ғұмыр бойы жанына серік еткен сол баяны аудандық мұражайда сақтаулы.

Алғаш еңбек жолын 1958 жылы сол кездегі ескі клубта патефонмен қоса баян тартып, көптеген тартымды кеш ұйымдастырған. 1973 жылдан өмірінің соңына дейін «Ақсу-Аюлы» ән-би халық ансамблінің көркемдік жетекшісі болып қызмет етті.

Ы.Төлегенұлының актерлік шеберлігі де ерек болыпты. Ол жұртшылыққа театр заман айнасы екенін ұғындырып, қазақ халқының классикалық мұрасына айналған «Еңлік-Кебек», С.Жүнісовтің «Ажар мен ажал», «Мәди», «Қанжар мен домбыра», «Қысылғаннан қыз болдым», «Күдалар» сынды түрлі драмалық, комедиялық қойылымдарда басты рөлдерді нанымды етіп сомдаған. Оның ішінде Г.Мүсіреповтің «Қозы көрпеш-Баян сұлуындағы» Жантық образын сенімді ойнағаны сонша, бір көрермен ақсақал сахнаға шығып тағайымен «сені ме» деп нұқыған екен деген әңгіме ел аузында әлі де айтылып жүр. 1978 жыл. Аудан театры Жезказған сахнасында аталған қойылыммен халықтық атағын қорғау кезінде қазылар алқасының мүшелері данқты өнер иелері А.Әшімов пен А.Пашков «Қозы көрпеш-Баян сұлу» қойылымын талай көрдік, бірақ Жантықты дәл мынадай ойнаған жанды алғаш көруіміз», – деп табиғи таланттына сүйсінгенін жазырамаған екен.

Ол кездің бет-бедері көз алдымызда болар. Қазіргідей телегей мүмкіндік жоқтың қасы. Барлығын бірнеше адам ғана атқарған. Ыбыжан Төлегенұлы сол бір жылдары ансамбль жанынан құрылған «Сарыарқа» үгіт бригадасына да жетекшілік етіп, Шет өңірінің ауыл еңбеккерлеріне саф өнерін паш етіп, сахнаны безендіру жұмысын қоса атқарды. Мәдениет саласында 42 жыл еткен еңбегінің арқасында облыстық, республикалық деңгейлердегі түрлі марапаттарға ие болды. 1976 жылы I Бүкілодақтық фестивальде облыстық көркемөнерпаздар



1978 жылы аудандық мәдениет үйінің жанынан Қайрат Боранбаевтың жетекшілігімен «Арай» ансамблі құрылған болатын. Ансамбльдің алғашқы құрамында Ы.Төлегенұлының өнер сапарындағы үзінгілері Б.Қайырбеков, Ж.Қалиев, Е.Мусин, М.Амандықов, С.Төкенов, С.Аманбековтер болды. Кешке қатысқан кейінгі құрамдағы Қ.Боранбаев, С.Ахметов, А.Омарбековтер Д.Сүлеевтің «Алматы түні» мен «Әнім сен едің» әндерін тамылжыта орындады.

Халқының сүйікті ұлы Ыбыжан өнерінің жұрнағы бүгінде Қарағанды қаласы «Шолпан» би ансамблінің мүшесі, облыстық, рес-

Сырнайынан сыр тамған...

Шет аудандық мәдениет үйінде сазгер, күйші, сырнайшы, актер, сегіз қырлы бір сырлы талант иесі Ыбыжан Төлегеновтің рухына арналған «Өнермен өрлген ғұмыр» атты еске алу кеші өтті. Салтанатты кеште «Ақсу-Аюлы» ән-би халық ансамбліне дарынды азаматтың есімі берілді.



шығармашылығын дамытуға сіңірген еңбегі үшін лауреат атанды.

Сазгерлігімен де ерекшеленген дарын иесінің ақын Г.Амандықұлының «Сағыныш» және З.Сүйіндіқұлының сөзіне жазылған «Ақсу-Аюлы жыр мекені» атты әндері аудан әнұранына айналғалы қашан.

Сағынған шығар...

Мәдениет үйінің кіреберісіне ұйымдастырушылар өнер иесі қолданған құнды жәдігерлер мен заттар жинақталған көрме қойды. Айтулы кешке Ыбыжан Төлегенұлының туған-туыс, аға-бауырлары, замандас жора-жолдастары, мәдениет майталмандары мен бұқаралық ақпарат қызметкерлері қатысты. Сахна шымылдығын халық ансамблінің сүйемелдеуімен жеке дауыста Е.Тілеубердин А.Қоразбаевтың «Елге сәлем» әнімен ашты. Шет ауданы әкімінің орынбасары Мақсат Жумкин ансамбльге салтанатты түрде Ыбыжан Төлегеновтің атын беру туралы Шет ауданының әкімі М.Мұхтаровтың өкімін растайтын

құжатты табыстай отырып, шығармашылық ұжымға шалқар шабыт пен толағай табыс тіледі. Одан соң сөз алған Қарағанды қаласы Кеншілер мәдениет сарайының директоры Ж.Ақишев, өнер жолындағы әріптесі А.Рашидов, ҚР мәдениет қайраткері Г.Ахметова, туысы Біләл ақсақал, баласы Ә.Жұмағұлов жылы естеліктер айтты. Осы кезде ендігіде Ыбыжан Төлегенов атындағы ән-би халық ансамблі Құрманғазының «Балбырауын» күйін орындады.

Ыбыжан Төлегенұлының өмірлік жары Татьяна Төлегенова – 37 жыл аудандағы орталық кітапхананы басқарған ардақты жан. Қазір тарихи отаны Беларусьқа кеткенімен, байланысын үзбеген екен. Кермиық кеш барысында Минск шаһарынан бейнесөлем жолдаған облыстық ықыласы мен жан тебіренісін жасырмады. Автордың әндерін нақышына келтіріп орындаған А.Артықбаева, мәдениет саласының ардагері М.Медведева сынды әншілер шараның әрін кіргізді.

публикалық байқаулардың лауреаты Айзере Телмановаға да дарын екен. «Балауса», «Тәжік» билерін орындаған жас талант елдің сүйіспеншілігіне бөленді.

Ыбыжан Төлегенұлы өнерде бірге жүрген інісі, досы Қайрат Мұстафинмен талай сахналарда баян мен домбыраны үйлестіріп попури шырқаған еді. Сол шақтардың бірі таспаға түсіп қалған болса керек. Заман тынысын бейнелейтін деректі бейнені тамашалаған көрермендер өткен күндерін көз алдына келтіріп, таңдай қағысты. Сондай-ақ, Қайрат Мұстафин жадынан шыққан «Әкені ансау» күйін халыққа кәде қылды.

Мұнан соң дәстүрлі әнші, түрлі деңгейдегі байқаулар лауреаты Е.Ахметов «Баянауыл» әнін шырқады. Күміс көмей әнші Д.Исабаев Қ.Әбіловтің «Бала махаббатын» әуелетті. Е.Хасанғалиевтің «Атамекен» әнімен тәмамдалған мерекелік кеш айбоз ұлын сағынған қараша жұртының сартап сағынышын бір уақ басқандай болды...

Шет ауданы

болмысымызды, салт-санамыз бен дініміз осы ұлттық мәдениет пен тілдік қасиет – сөзіміз бен ойымызда жатыр.

Тәуелсіз елдің елдігі жас ұрпағын парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда мемлекеттің тілдің атқаратын қызметі орасан зор.

Тіл – таусылмайтын байлық. Қанша тіл білсең, өзгеден сонша кез биіксің. Дегенмен, алдымен туған еліңнің мемлекеттік тілін білуге міндеттісің. Оның ауыздан шығатын әрбір сөзінің қауірін жеткенде, туған тілдің тұғырын биікке көтере аласың.

Қазақ тілі – өте кемелденген тіл. Ол – ұлы күш, халқымыздың мәдени дәрежесін көтере беруші пәрменді құрал, жұртшылықты жаппай отаншылдық рухта тәрбиелеудің құралы, қуатты сөздің қаруы екенін үлкен мақтанышпен дәріптеп, біз, ұстаздар қауымы үшін өскелең ұрпаққа жеткізу – мықты тәрбие құралы. Сондықтан да елім, жерім деп өсетін әрбір азаматты, болашақ жас ұрпақты өз тілін құрметтеуге, 62 сүтіндей қастерлеп, ардақтауға арналған іс-шараларды, тәрбие сағаттарын көптеп өткізуіміз қажет. Өйткені, халықтың біртуар азаматтары «Тіл – халықтың жаны», «Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы – ой», – деп бекер айтпаған. Тілімізді шұбарламай, нағыз сөздің қадір-қасиетін түсінген, ана тілінің болашағын ойлайтын ұлтжанды ұрпақ тәрбиелейік.

**Г.КАЛМАНОВА,
Приозерск қаласы №1 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

Қоршаған ортаға қамқорлық қажет

(Соны. Басы I-бетте)

Департамент басшысының айтуынша, эмиссиялар нормативтерін төмендету бойынша 2022 жылдың I жартыжылдығында атмосфераға ластанушы заттар шығарындыларының жалпы төмендеуі жылына 1427, 984 тоннаны құраған. Өндіріс қалдықтарын орналастырудың жалпы төмендеуі жылына 3 775 200 тонна екен.

Аймақтың экологиялық жағдайына кері әсер ететін факторларды азайтудың бір жолы – кәсіпорындардың қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын толық әрі мұқият орындау. Төте жол – осы.

Экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында және Қазақстан Республикасының экология, геология және табиғи ресурстар министрінің тапсырмасы бойынша 2020 жылы Экология департаменті мүдделі мемлекеттік органдармен, табиғат пайдаланушылармен, сондай-ақ, жұртшылық өкілдерімен бірлесіп, Қарағанды облысының экологиялық проблемаларын шешу жөнінде 2020-2024 жылдарға арналған кешенді жол картасын әзірлеген. Құжат жалпы алғанда сарапталған 57 іс-шараны қамтиды. Ал, іс-шараларды орындауға арналған жоспарлы шығындар 208,8 млрд. теңгені құрайды,

нысты өсімпұлды төлеу туралы талап өзгерді. Экологиялық кодекстің 175-бабының 3-тармағына сәйкес, мемлекеттік экологиялық бақылау субъектісінің анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы орындау жөніндегі міндеттемесі мемлекет кірісіне есептелетін өсімпұлмен қамтамасыз етіледі. Осылайша, 2022 жылы жалпы сомасы 11,9 млн. теңгеге өсімпұл төлеу туралы 5 талап қойылды. Тұтастай алғанда, өткен жылдарды ескере отырып, 2022 жылдың жартыжылдығында мемлекет кірісіне 276,8 млн. теңге сомаға залалды өтеу бойынша айыппұлдар өндіріп алынды.

Су ресурстарының жай-күйін бақылау – маңызды жұмыс бағыттарының бірі. Сарқынды суларды жерүсті су қоймаларына, геология және табиғи ресурстар министрінің тапсырмасы бойынша 2020 жылы Экология департаменті мүдделі мемлекеттік органдармен, табиғат пайдаланушылармен, сондай-ақ, жұртшылық өкілдерімен бірлесіп, Қарағанды облысының экологиялық проблемаларын шешу жөнінде 2020-2024 жылдарға арналған кешенді жол картасын әзірлеген. Құжат жалпы алғанда сарапталған 57 іс-шараны қамтиды. Ал, іс-шараларды орындауға арналған жоспарлы шығындар 208,8 млрд. теңгені құрайды,



оның ішінде кәсіпорындардың меншікті қаражаты – 170 млрд. теңге. Республикалық бюджет – 24 млрд., халықаралық қаржы ұйымдарынан қарыз қаражаты – 14,6 млрд., облыстық бюджет – 260 млн. теңге. Өндіріс басшылығымен жасасқан келісім де бар. «АрселорМиттал Теміртау» АҚ бойынша Ұлттық жоспармен 2025 жылға қарай шығарындыларды 149 мың тоннаға дейін төмендету көзделген еді. «Қарағанда Энергоцентр» ЖШС шығарындыларды 35 мың тоннаға дейін төмендетуге уәде берді. KazakhmysSmelting шығарындыларды 31 мың тоннаға дейін төмендету қажет. Енді, осы көрсеткіштерге жетуде туындаған қиындықтарға байланысты аталған кәсіпорындармен ұлттық жоспарды төмендету көрсеткіштеріне өзгерістер енгізу ұсынылған. Яғни, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ 2025 жылға қарай шығарындылар лимитін 242 мың тоннаға дейін төмендету ұсынылса, «Қарағанда Энергоцентр» зиянды шығарындылар мөлшерін 43,5 мың тоннаға дейін төмендету ұсынылған. Өтпеген-айы, түрлі деңгейлердегі тексерістер өндіріс ошақтарының алыптары техникалық регламентті сақтай бермейтіндігін айғақтады. 62 жылдың жартыжылдығында 2022 тексеру жүргізілген. Оның барысында 111 заң бұзу фактісі анықталған. Оларды жою үшін 111 ұйғарым берілген. Орындалғаны небәрі – 45. Сәйкесінше, жалпы сомасы 97,3 млн. теңгеге 98 айыппұл салынған. 78,3 млн. теңге сомасына 93 айыппұл ерікті түрде төленген, бұл өндіріп алу бойынша 95%-ды құрауда. Бір атап өтерлік тұсы Қазақстан Республикасының жана экологиялық кодексінің енгізілуіне байла-

ластаушы заттарды нормалауға байланысты ұлғайды деген мәліметтер келтірілді. Әлбетте, бұл орайда тиісінше, ластанушы заттардың төгілу массасы да өскендігін қаперге алғанымыз абзал.

«Жердің берері мол. Бірақ, әр нәрсенің өзі мөлшер-қалыбы бар деген ұғымды біреу жете түсінсе, біреу түсінбес. Бұл салада коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу кезіндегі негізгі проблема ауылдық аудандардағы заңсыз тұрмыстық қалдықтар полигондары. Қарағанды облысының аумағында барлығы 202 коммуналдық қалдықтарды орналастыру объектісі орналасқан, оның ішінде бүгінгі күні 54 тұрмыстық қалдықтар полигоны бойынша рұқсат беру құжаттамасы бар. Оның 148-і заңдастырылмаған және құқық белгілейтін құжаттары жоқ. Мұнымен күрес шаралары күнделікті негізде жүргізіледі деп айтсақ, жаңсақ емес. Әр аптаның алты күнінде «Экологиялық сағат», «Таза бейсенбілік», «Экологиялық акция», «Қоқыс орындарына рейд», «Таза жағалаулар», «Түсіндіру жұмыстары», «Геоортал күні» сынды көптеген шаралар экологиялық инспекторлар тарапынан тынымсыз атқарылып жатады», – дейді Қанат Жантұяқұлы.

Сандаған сауалға салмақты жауап берген сипкердің сөзінен түйгеніміз – аймақ экологиясын жақсартуға күш салынууда. Алайда, одан әлгі біз айтқан қоғамдық ортамыз абағ бола қойған жоқ-ау. Ендеше, «Ел ағыны мен су ағыны бір демекші» біз атамекеніміздің ауасы – таза, суы – мөлдір қауап өтерлік тұсы Қазақстан Республикасының жана экологиялық кодексінің енгізілуіне байла-

● ТІЛ – ТҰҒЫР

«Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы – ой. Ақылды ой, алғыр сөз – адамның ең жоғары қасиеті»

Г.МҰСТАФИН

Туған тілі арқылы адамдар бір-бірімен сөйлесіп, ойын жеткізеді, пікір алысады. Сол тілде халқымыздың өрісін көрсететін әдеби, мәдени туындылар жасалып, халқымыздың өмір сүріп, қоғамды жан-жақты дамытып отыруының әрі көрінісі, әрі кепілі болып табылады.

Тіл – адамның адамдық белгісінің ең мықтысы, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айырылып, сөйлеуден қалса, тілінің қаруы – сөзден айырылып қалады емес пе?! Мәдениет пен тіл, тек белгілі бір ортада ғана өркен жайып, көсетесін көгерте алатынын әрбір тілін жоғалтпаған халық жақсы түсінуі керек.

«Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы – ой», – деп белгілі жазушы, тіл қадірін түсінген сөз зергері Ғабиден Мұстафин айтқанда, мұралардың ең қымбаты – тіл деп түсіндіргісі келді. Сонымен қатар, «Ақылды ой, алғыр сөз – адамның ең жоғарғы қасиеті» деп баға берген болатын.

Өз ана тілін білмеген, қадірлемеген адам өзін дүниеге әкелген, мәпелен өсірген анасын да, ел-жұрты да, Отанын да сүйе алмайтыны да белгілі ұғым. Ана тілі сол тілде сөйлейтін халықпен бірге өмір сүреді және сол халықтың өкілдері үшін қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Тілінен айырылған жағдайда халық болудан қалады.

Сөзімізге мән берсек...



Тіл ана тілі атануы үшін, ол күнделікті өмірде ұдайы қолданыста болуға тиіс.

Біздің ана тіліміз – қазақ тілі деп мақтанышпен айта аламыз. Біздің қазақ тілі өзінің даласындай кең, жалпақ тіл. Әлемдегі ең сұлу тіл – қазақ тілі. Қазақ тілі – өте бай әрі көркем тілдердің бірі екендігіне де шүбә жоқ.

Қазіргі қазақ тілі – кез келген әдебиетті басқа тілден аударуға, түрлі стильдерде сөйлеп, жазуға мүмкіндігі мол, кемелденген тіл.

Ана тіліндегі әрбір сөз – халықтың өткен ұрпағын, қазіргі және келешек ұрпағын мәңгілік біріктіретін сенімді құрал ретінде қолданылады. Өйткені, халық рухының сарқылмас бастауы да сол қаруында. Ол қару, әрине, сөз. Бұл қару –


ел-жұртымызды, туған жерімізді, оның өзен-көлдерін, оның бораны мен найзағайын ана тіліміз арқылы ғана қабылдап, оларға деген перзенттік махаббатымызды ана тіліміз арқылы жеткізеді. Сондықтан да туған тілде айтылатын сөздің құдіреті де ұшан-теңіз. Демек, әр халық өз ана тілін анасындай жақсы көруі тиіс. Ана тілі... Бұл туралы қаншама айтылып келеді. Ал, ана тілінің құдіретін қанша айтсақ та таусыу мүмкін емес. Бала кезінде балдай сорып, ана сүтімен бойға сіңген қасиеттер туған тілдің арқасында ғана даритыны естен шығармай, өскелең ұрпаққа жеткізу әрбір қазақтың парызы болып қала бермек.

Туған тілдің абыройын асқақтату – әрбір адамзаттың абзал борышы. Біздің барша ұлттық келбетіміз бен



ТАҒЫЛЫМ

«Тоғжан Абайдың қолын іркіп тоқтатты: – Тағдыр бізді қоспады. Тым құрыса, осы жолы сау келсең... Баз кешкен болар ем. Өміріміздегі бір ұзақ арман, ауыр зар бұл жолы да, сені ауыртып әкеп, тоқтамын салды. Енді сүйген көңіл қайтары жоқ. Бірақ, серігім сабыр болсын дедім. Осы күйде, өзімізге тыйым салған күйде өмір бойы жеткізбеген арман еріп кетсін. Асығыңмын, сол асық күйде көзімің жасын жұтам да кетемін, жаным! – деді».



Сурет: Интернеттегі ашылым

Тыйым – мінсіз мінез мүсіншісі

бұл сөздерге өздерін қия алмай Тоғжанға шұғыл иіліп: – Сәулемші! Не дейсің? Сен не айтқалы кеп тұрсың? – деп еді. Тоғжан Абайдың қолын іркіп тоқтатты. Абай мен Тоғжанның сүйіскен жылдары ұзақ. Бірақ, көріскен қызығы, кездескен рақат шақтары, тіпті, аз болған. Енді, міне, қаншама жылдар өткен соң кездескенде Тоғжан сабырлық танытып бойын іркіп тоқтатып, табиғатын тежеп бағып, көңілін тыйды. Тоғжан Абайға шын ғашық еді. Абай да Тоғжанға бір көргеннен-ақ ғашық болып, махаббат таны атқанын сезінеді. Бірақ, Абайдың аяғында тұсау, Тоғжанның басында нокта.

Тоғжанның Мәмбетейде астаыртқан күйеуі бар. Жалғыз-ақ, ол бар екен деп, Тоғжан да ынтығып тұрған жоқ. Қайта Абайды сүйгелі, өзінің қайын жұртын ойламауға тырысатын. Жүрегі үркіп, жатырқап жүретін. Тоғжан Абаймен ең соңғы айырғысар шағында, күйеуге кетерінде өзіне оң сапар тілеген жоқ. Өлім тілеп кетті. «Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол, Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол. Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым, Мен не болсам болайын, сен аман бол!» деп кетті.

Абай да Тоғжанды жұбата алмай, ет жүрегі елжіреп «Есіл Тоғжан, ұмытпаспын... ұмытпаспын» деп қала берді. Романда Ұлжан баласы Абайдың әжесі Зере қайтыс болғалы ойға түсіп, азып кеткенін байқаған соң оша алып отырып: «Енді тоқтал. Бойыңды жи. Ерболды шақыртып ал да атқа мін, ел қыдыр. Сергіп қайтышы» дейді. Анасы ұлына «қайғы келсе қарсы тұр, жақсы, жаман көргенің, ойлай берсең у болар, тоқта, тыыл, есіңді жи» деп кеңес берген.

Анасының ақылмен, құрбысының шақыруымен карт Қадырбай ақынның ауылына қонақ болып барғанда Абай Қуандық қызбен танысады. Екеуі іркілмей табысқанмен, жалындаған махаббат тұмады. Осы күндердің өзінде де Абайдың көңілінен Тоғжан ұмытылған жоқ. Қайта мынадай шешен, ашық, атақты Қуандықпен тайталасқандай боп, көз алдына шын сүйгені елестей берді. Абайға ол әкелген ғашықтық, ол ұсынған жүрек, ол берген нәзік ләззат бұл дүниеде қайта оралып келместей. Онымен тең жан тұмастай, табылмастай еді. Тоғжан есіне түссе, Абай тар төсекте де, Қуандықтан тартынып, құшағын ірке береді. Себебі, Абайдың жүрегінде Тоғжан махаббаты мәңгілік, мызғымастай орын алған еді. Тоғжанды Абай алғашқы рет Қарауылдың бас жағын – Түйеөрекш деген жерді қыстаған, күн көзі жылдымен киіз үйге шыққан Сүйіндіктің аппақ үлкен үйінде көріп еді. Бұл үйге, әсіресе өзгеше көктем нұрын енгізген бір жан өзге. Ол Сүйіндіктің қызы – Тоғжан. Толықша келген, аппақ жүзді, қырлы мұрын, қара көз қыздың жіп-жіңішке қасы да айдай болып қиылып тұр. Абай Тоғжанды екінші рет көш жонекей Бөжейдің қаралы қыздарының ортасында көріп қалады. Тоғжан ат үстінде манайға бұрылып қарамастан, шырақ жылап, жоктау айтып келеді. Абай кірпік қақпай қадалып, тыныстары да тыйылып, Тоғжан үнін тындаумен тұр. Абай Тоғжанның үнін Қарқаралыдан қайтқан соң Жәнібекте естиді. Абайлар Бошаннан үйіреніп келген аса тамылжыған, шырқау ән «Топайкөк» бұл өлкеге жайылып қалған екен. Жұмбақ мінезді сұлу Тоғжанның

ырғағы көп, сезімді сұлу ән «Топайкөкті» шырқаған өзгеше жібек талды, бөлекше үні Абайдың есінен еш кетпеді. Абайға «Топайкөк» әнін тағы есту сәті Семейден қайтқанда түседі. Анасы Ұлжан ауылы жайлаған Баканас өзеніне қарай тартатын төте жол Орда тауының үсті болатын. Көз байланып қалған мезетте Абайлар Орданың Шілінің кезеңінде қыстайтын Байшораның Бекейінің үйіне тоқтайды. Абай ас піскенше мызғып алмақ болып, жантайып жатып қалады. Абай түс көреді. Түсінде Тоғжан келіп, Абайға өзі үйреткен «Топайкөк» әнінің бір ауызын айтып береді.

Түсінен шошып ояған Абай өңінде жанағы әннің үзілмей дәл Тоғжанның өз үнімен айтылып тұрғанын естиді. Тоғжан! Япыр-ау, мынау Тоғжан, Тоғжаным ғой мына! Дәл өзінің үні. Айнымаған өз ырғағы. Өз нақышы ғой. Өн иесінің бетбетімі, ақ-қызылы айнымаған Тоғжан және сол Жәнібекте көрген қалпы. Уылжыған жас күні. Өзі емес, бірақ дәл өзінің егізінің сыңары. Тоғжаннан айырса, танығысыз қыз – Бекейдің қызы Шүкіман екен. Өн мен әншіні тамашалған Ербол «Айтушысына кез-

де, әнім де, ендігі тірлік тірегім, барым да сол адам өзі болды».

Ендігі Әйгерім Абай жайын жарым лепестен білуден жаңылып, танып кеткен соң Абайға бар дүние қапа боп кетті де, құла түзге кетсек те, бір жаққа маңып, сілкініп қайтайықшы деп Ерболды ертіп, елсіз, ессіз жаққа аңға шығып кетеді. Кейсі, кірбөні көп, кінәсі мен міні көп өмірдің күнгірт жүзді күзінен безіп шыққан Абай аң сапарында өмірлік арманы Тоғжанның жолына жады. Аңшылықта жүріп, адасып, екі күн сор азабын тартқан Абай тобы жолдағы қыстаққа түсіп пана табады. Қараңғы даланың түпкіріндегі кең ауыз үйден өтіп төрті үйдің есігінен аттаған түнгі қонақтардың ішінен үй иесі Абайды танып қалады. – Жасаған-ау! Абаймысыз? Құдай-ау, сізді де көретін күн бар ма еді? Бауырым-ау!» деп ботадай боздаған Тоғжан дертпен келген Абайды құшақтап, аймапалп жүр. Тоғжан жылап, зарлап жүрсе де, Абайдың сандырақтап жатып анық айтқан «Жарқ етпес кара көңілім не қылса да, Аспанда ай мен күн шағылса да. Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ, Саған жар менен артық табылса да!» деген өлеңі өзімен байланысты екенін бірден аңғарды. Тоғжан Абайдың қолын бауырына басып, бүк түсіп, білегінен сүйіп, жылап жатыр.

« – Сәулем! Бұл сенің сөзің емес, менің сөзім ғой. Менің жүрегімді айтқаның ғой. Сорлы тағдыр, тірі кетіргенше, мені сенің алдында, сол елде алса нетті. Сол күнде алса нетті! – деп ұзақ егілді. Соншалық ауыр құсамен күңіреніп, зар илеп кетті. Бұл сүюден кешкен зар еді. Дер кезінде айтылмаған, айта алмаған, терен күйіктен туған асыл жардың өкпе-назы дерсін.

Қайын жұртына, күйеуге кетерінде оң сапар тілеген жоқ. Өлім тілеп кетті. Арлы, ұялшақ, нәзік қорғаншақ Тоғжан жегенсі Қарашаққа сонысын да ашып айтып кеткен. Бір сөзбен өлмекке бел буған Тоғжан өзіне ажал уақыты тез жеткен деп тілей отырып, «мен өлейін, сен аман бол» деп Абайдың саулығын тілеп кеткен. «Сенен артық жан жоқ» деп ғашық болдым. «Жас жүрек жайып саусағын, талынған шығар айлы алыс. Мен не болсам болайын, сен аман бол».

Ақылы артық, ары зор жанның Құдай сол тілегін қабыл алып, тағдыр жазып, Абайды анда адастырып, ақ боранда асығын алдына алып келді.

Қазіргі Тоғжан жүзінде Абайдың қиялынан бірде-бір шақ кетпейтін, елбіреп, толқып, лезде келіп, сәтте қайтп тұратын қызыл арай реңі жоқ. Бір көрсем деп аңсаған Абайы осындай кіріптарлық, гәріптік күйде келгеніне күйінген Тоғжан жылау, нәлудан өз бойын тыя алмай жүрсе де соңғы сөзінде өзінің де, Абайдың барын айтуға қайрат тапты. Махаббат заңына бағынған Абай: «Алла мінсіз әуел бастан, пайғамбар хақ. Пайда, мақтан, әуесқой – шайтан ісі. Кімі біздің нәпсіні тыйғанымыз?» деп заман мінезінің шындығын жазып кетті. Екі ғашық нәпсіні тыя білді. Абай да, Тоғжан да ақыл мен әр мінезін бұзбасқа серт еттісі. Тыйым – мінсіз мінез мүсіншісі!

Марат АЗБАНБАЕВ

МӘСЕЛЕ

Бұл мәселенің қозғалғанына отыз жылдан астам уақыт болды. Ол Алаш қозғалысының белді өкілдерінің бірі Имам Әлімбековтің туған топырағындағы орта мектепке тарихи тұлғаның есімін беру туралы мәселе. Оған себеп те баршылық. Ол алдымен ел тәуелсіздігі үшін күрескен Алаш арыстардың бел ортасында жүріп, азаттық идеясын халық санасында жаңғыртушылардың бірі.

Өз ауылында мектеп пен интернат салдырып, бала оқытты. Сол білім ордасынан қаншама бала сауат ашып, елдің мұңын жоқтайтын азамат болып қалыптасты. И.Әлімбеков – саналы ғұмырын елінің ертеңіне арнаған арда азамат.



Әлімбековтің есімін ұлықтауға әліміз жете ме?

мұғалімдер семинариясын бітірген. Қазан төңкерісіне дейін Қарқаралы, Семей мектептері мен гимназияларында мұғалім болды. 1917-1918 ж.ж. Семей өңірінде «Алаш» партиясының уездік губерниялық ұйымдарын құруға белсене қатысты. Губерниялық казак комитетінің мүшесі, «Алаштың» Семей губкомы төрағасының орынбасары, «Қазақ» газеті басқармасының қызметкері, «Сарыарқа» газетінің редакторы. Абайдың Тұрағұлмен бірлесіп «Алашорда» атты әскер полкін жасақтаушылардың бірі. Семей губкомы кеңесінің мүшесі болды. Алаштың барлаушылық қызметі үшін 1919 жылдың көктемінде ақ гвардияшылы, кейін қызылдардың абақтысында да отырып шығады. 1933 жылы «Алаш» ісі бойынша Мағжан Жұмабаевпен бірге он жылға сотталды да Кольск жараты аралындағы «Медвежья гора» түрмесінде отырды. Бұл тозақтан Мағжанның әйелі Зылиха мен Имамның жұбайы Қатипа М.Горь-

кийдің әйелі Пешковаға жазған хаты құтқарады.

Имам 1920-1930 жылдар ішінде Қарқаралы революциялық комитетінің, уездік атқару комитетінің мүшесі қызметтерін атқарды. Кеңес өкіметінің алғашқы кезеңінде бірнеше рет қуғын-сүргін көрген Әлімбеков біржола ағартушылық қызметке ден қояды. Қарқаралы педтехникумында, Қызылжар (Петропавл) техникумында оқытушы болды. Осы жылдары ұлт ұстазы А.Байтұрсынның басшылығымен Қарқаралының Мыйлыбұлақ, Ку, қазіргі Ақтоғай ауданының елді мекендерінде мектептер, фельдшерлік бөлімдер, кітапхана мен басқа да мәдени ошақтар ашыла бастайды. И.Әлімбеков 1924 жылы туған жері Бесоба ауылында жергілікті халықтан жиналған қаржыға екі қабатты мектеп пен интернат гимназияларын салу жұмысын бастайды. Семейден Деев деген құрылысшы-маманды алдырып, мектеп-интернатты сметалық жоба бойынша

салдырады. Астыңғы қабаты тастан қаланып, үсті ағашпен өрілген гимназия құрылысы 1927 жылы аяқталып, алғашқы шәкірттері табалдырығын сол жылы аттайды.

1937 жылы Бесоба мектебінің директоры қызметінде жүргенде қайта ұсталып, Қарағандың ақ түрмесіне қамалады. Жерлесіміз философия ғылымдарының кандидаты, доцент Оңайбек Құдышұлы «Орталық Қазақстан» газетінде «Еркіндік үшін еңіреген ер» атты макаласында былай деп еске алады. «1937 жыл Қарқаралы ауданының Бесоба орталық мектебінің 6-кла-

салдыруға түрлі қоғамдық іс-шаралар өткізіліп келеді. 2015 жылы Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың тарихшы ғалымдары Имам Әлімбеков салдырғаны мектеп гимназиясына ескерткіш тақта орнатты. Құнды зерттеулер жүргізілді, мақалалар шықты. Экономика ғылымдарының докторы, профессор Рашид Каренов «Алаш азаттығының ақиығы: Имам Әлімбеков» атты кітап шығарды. Журналист Г.Бұхарбаеваның «Қайта оралған есім – Имам Әлімбеков» атты деректі фильмі жарық көрді. Ас берілді, бірнеше рет ауыл тұрғындары мектепке есімін беруге талпыныстар жасалынды. Неге екені белгісіз, нәтиже жоқ...

2021 жылдың наурыз айында «Орталық Қазақстан» газетінде журналист Жәнібек Әліманның «Бұқара қолдаса билік қайда қашады?... немесе Әлімбеков аты неге елеусіз?» макаласы жарық көрді. Мақалада Бесоба ауылындағы өзі салдырған мектепке атын беруді ойланатын әлі отырғанмыз ұят, біз айттық, бұқара қолдаса, билік қайда қашады» дейді.

Келер жылы Алаш зиялысы И.Әлімбековтің туғанына 140 жыл және өзі қабырғасын қалаған мектепке жүз жыл толмақ. Осыған орай №8 тірек мектебінің ұстаздар ұжымы мен Бесоба селолық округінің барша тұрғындарының басты мақсаты – мектепке Алаш қайраткері Имам Әлімбековтің атын беру. Мектебіміздің ұстаздар ұжымының осы бастамасын бүкіл ауыл тұрғындары да бірауыздан қолдады.

Тарихи тұлғаның есімін өзі іргетасын қалаған мектебіне берсек, бұл – бүгінгі ұрпақ алдындағы парызымыз болары хақ.

Айдын ӘШІРБЕКОВ,
Мектеп ұжымы мен Бесоба селолық округі тұрғындары атынан Бесоба ауылының №8 тірек мектебінің тарих және құқық пәндерінің мұғалімі

Құттықтаймыз!

Мұраттың абызсыз, ел сыйлаған!
Бұқар жырау ауданы Новоузенка ауылының тұрғыны, ел басқарған ақсақал, ауданның Құрметті азаматы, қадірменді қариямыз, Мұрат руының бүгінгі абызы **Мерекке Мансұрұлы СЫЗДЫҚОВ** ағамыз торқалы 90 жасқа толып отыр.

Жол бастап бәрімізге асқар тұлға, Шықтыңыз тоқсан деген мұнар шынға. Жүзде де көркем-керім жігіт болып, Жүріңіз тура осы қалпыңызда.

Өттіңіз талай қырақ белестерден, Агроном, комсомол қызметтерден. Кәсіподақ, қып-қызыл парторг боп, Аяқталды Кеңес кезі директормен.

Онан соң бес жыл әкім арқыраған, Кеуделе Орден, Медаль жарқыраған. Құрметті азаматы ауданныңда, Мұраттың абызсыз, ел сыйлаған!



Жарастыңыз Жәменмен тағдыр қосып, Алпыс бес жыл тамаша өмір кешіп. Қос аққу айдын көлде қалқып еді, Дарига-ай, мәңгілікке кетті көшіп.

Бізге үлгі өміріңіз, терең аққан, Батырсыз жүзді көздеп жебе тартқан. Құтты болсын жасыңыз, асыл байлық, Жасаңыз ғасыр асып, Алла жазған!

Құттықтаушылар: **Ғабит Тұяқов, Қабиден Байбосын** інілеріңіз.

№751.

Құттықтаймыз!

Қасиетті Қарқаралының тумасы, Қарағанды қаласының тұрғыны **Шакен Әміреқызы ЖУМАНОВАНЫ** 85 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Әулетіміздің үлкені, ақылшымыз, біздің қамқоршымыз, өр мінезді, біртекті апайымыз, қазір де екі әулеттің үлкені болып отыр. Сізді Ақжар жездеміздің бауырлары, қарындастары да өте құрметтейді. Апамыз төрт баланы дүниеге әкелді. Барлығы жоғары білімді, әрқайсы үлкен шаңырақ құрып отыр. Шәкен апамыз жастайынан өнерге өте құштар болды. Москвада өткен «Дүниежүзілік VII фестивалінің лауреаты» атанды. Консерваторияға экзамеңсіз жолдама алғанымен, әкесі әртістің оқуына бармайды деп рұқсатын бермеді. Мамандығы мал дәрігері болып, көп жылдар лабораторияда қызмет етті. Еңбек ардагері – өзі жете алмаған арманына баласы Ержан жетті. Тәттімбет колледжін бітірген соң, Алматы консерваториясын бітірді. Қазір Астанада симфониялық оркестрдің көркемдік жетекшісі болып істейді. Ал, немерелері Ақжол мен Азамат та өнер иелері атанып отыр. Олар шет елде оқып, Астанада қызмет жасап жүр. Балаларының барлығы өнерге жақын болып өсті. Өзі де осы жасқа келсе де, өнерін тастамай, Қарағандыда құрылған «Көзқорғандар» ансамблінің беделді мүшесі болып отыр.

Апай сіз бақытты анасыз, Алланың берген жасын жасап, немерелеріңіз бен шөберелеріңіздің қызығына бөленіп жүре беріңіз. Біз Сізбен мақтанамыз. Зор денсаулық тілейміз.

Болмысына ақылы сай,
Өнер сүйген адамсыз.
Пейілі кең, парасатты,
Ағайынға адалсыз.

Құтты болсын 85 жас,
Аман болсын, ұл-қызың.
Ұрпағыңмен мың жаса,
Таусылмасы дәм-тұзың.

Тілек білдірушілер: **сіңлілері, бауырлары.**

№ 727.



• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Жетекші мектеп – жетістіктер алаңы

«Басқаларды үйрете жүріп, өзіміз де үйренеміз», – деп ойыш Сенека Луций айтқандай, жетекші мектептер серіктес мектептерге әдістемелік қолдау көрсетіп, іс-тәжірибе алмасып біріге жұмыс жасауда. Осы орайда, Көкпекті жалпы білім беретін мектебі жетекші мектеп ретінде Байқадам, Сарытөбе және Әлкей Марғұлан атындағы мектеп ұстаздарымен ынтымақтастықта жұмыс істеп келеді.

Көкпекті мектебінде серіктес мектептермен алдағы уақытта атқарылатын жұмыстарды талдау мақсатында дөңгелек үстел өтті. Ұстаздар ойларын ортаға салып, жаңашыл әдіс-тәсілдерін үлгі ретінде ұсынды.

Жетекші мектептің негізгі мақсаты – елдегі жаңартылған орта білім мазмұнын енгізу бойынша мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығын нығайту. Демек, мұғалімді дайындап қана қоймай, бар білімін тереңдетіп, біліктілігін арттыруға бағытталды. Ұстаздың кәсіби дамуына, ынталдылығына тікелей ықпал етеді.

Жетекші мектептердің негізгі рөлі – өздеріне бекітілген серіктес мектептерге қолдау көрсету. Білім саласындағы жаңалықтар мен өзгерістерге ашық болып, сол бағытта белсенді шараларды жоспарлап, үнемі кәсіби дамытып отыруы шарт.

Ұлттық құндылықтарымыздың туын биік ұстап, жас ұрпақты халқымыздың тәлімгерлік үлгісімен тәрбиелеу – ең маңызды міндетіміз. Барлық жетекші мектептің қызметіне, жоспар бойынша атқарылатын іс-шараларға мектепшілік әкімшілік тарапынан үнемі қолдау көрсетіліп отырады.

А.ХАСЕНОВА,
бастауыш сынып мұғалімі

• ТАҒЫМ

Рухани мирас қалдырған...

Қасиетті Қарқаралы өңірінің тумасы, қоғам қайраткері, ұлағатты ұстаз, белгілі ғалым-журналист, өлкетанушы, марқұм Рамазан Сағымбекұлы ағамыз қараша айында 90 жасқа толар еді.



Рамазан ағамыз 1932 жылы Қарқаралы ауданы, бұрынғы Еңбек ауылдық кеңеске қарасты «Бірлік» колхозында (қазіргі Қайнарбұлақ ауылы) дүниеге келген. Әкесі Сағымбек 1939 жылы, анасы Ақбала 1941 жылы, апасы Гүлбарам 1942 жылы қайтыс болып, ағасы Әрмия екеуі әкелерінің апасы Мәрия анамыздың қолында тәрбиеленеді.

Еңбекке ерте араласып, есейеді. Білімге деген ерекше құштарлығының арқасында ауылдық бастауыш мектептен Қарқаралыдағы Абай атындағы педагогикалық училищені үздік аяқтап, ауылдағы мектеп мұғалімінен Қазақ мемлекеттік университетінің оқытушысы, журналистика факультетінің деканы, Қазақ радиосының басшылық қызметтерін абыроймен атқарып, талай шәкірттерге ұлағатты ұстаз бола білді.

1974-1982 жылдары Қарағанды облысындағы қарашаңырақ «Орталық Қазақстан» газетінде редакторлық қызмет атқарды. Осы кезеңде басылым жоғары деңгейге көтеріліп, құнды ақпараттар кеңінен жарияланып, оқырмандар саны еселеп артты.

Кейінгі жылдары Қарағанды педагогикалық институтында оқытушылық қызмет істеді. Көптеген жас шәкірттеріне ағалық қамқорлығын аямай, мықты маман болып қалыптасуына жағдай жасады.

Тәуелсіздігіміздің елең-алаңында «Орталық Қазақстан» газетінде «Мирас» тарихи-өлкетану бетін ашып, «Қарқаралы» тарихи және мәдени-рухани журналын ұйымдастырды. Мақсаты – қазақ халқының ұмытылып бара жатқан арыстары мен ардақтыларының есімін қайта жаңғыртып, ел бастаған көсемдер мен би-батырларын іздестіріп табу, бүгінгі оқырманға табыстыру; тал бесік – туған жердің тарихы, сол бесіктегі ардақты адамдар өмірі, жас ұрпақ тәрбиесінің кең ауқымды қамын ойлау, соларды түзеп, аялау болды;

Зейнеткерлікке шыққан соң, денсаулығы сыр берсе де, қажырлық танытып Мәскеу мен Санкт-Петербургтің, Омбы, Алматы архивтері мен кітапханаларына барып Қаздауысты Қазыбек би, Нарманбет ақын, Жакып Ақбайұлы, Абдолла Асылбеков, Шортанбай жырау

Қанайұлы, Шөже Қаржаубайұлы, Әсет Найманбайұлы, Нығмет Нұрмақұлы, Қасым Аманжолов, Нұркен Әбдіров, Мұстафа Шоқай және тағы басқа Алаш ардақтарының құнды еңбектерін зерттеп, оқырманға нақты деректерді жеткізді.

Ғалым ағамыздың «Терең тамырлар», «Алматыдан сөйлеп тұрмыз», «Жер – менің мекенім» тағы басқа шығармалары сол кезде оқырманның оң бағасын алған.

Шәкірттерінің ұйымдастыруымен 2012 жылы «Редакторлардың редакторы» жинағы жарыққа шығып, тарихшы-ғалым ағамыздың өмірбаяны мен еңбектері жарияланды. Туған жерінде Қайнарбұлақ ауылында орта мектепке ҚР Үкіметінің 20 қазан 2000 жылғы №1576 қаулысымен Рамазан Сағымбекұлының есімі берілді. Қазіргі уақытта мектеп қабырғасынан дарынды тұлғалар шығып, елімізге қызмет етуде.

Ардақты ағамыз Рамазан Сағымбекұлының ғылым жолын жалғастырып, жетістікке жетіп, еліміздің әр саласының дамуына үлес қосып жатқан ұрпақтары баршылық.

Өмірінің соңғы күндеріне дейін Рамазан ағамыздың қолынан қаламы түспеді. Ағамыздың қадір-қасиеті, қарапайымдылығы мен қайсар мінезі, мықты жігері артындағы ұрпақтарына, шәкірттеріне үлгі-өнеге болып қала берді.

Ақын ақын Серік Ақсұңқарұлының 2000 жылы ағамызға арнап «Оралды Қарқаралыға» жыр шумақтарынан үзінді келтіргеніміз орынды болар.

Артына тастап мол мұра,
Ой түзіп Алаш – алқаға,
Көзден бір ғайып болды да,
Аспаннан қайтты – Арқаға!

Бізбен бір көріп ақ таңды,
Бір шарлап азат даланы,
Саф алтыңға бір апталды
Тот басып қалған қаламы!
Сағынышпен еске алушылар: **Сағымбек әулеті.**

Біздің жарнаманың телефоны:
43-21-55

Біздің жарнаманың электрондық почтасы:
ortalyk.reklama@mail.ru

Еске алу
Жұлдыз Серікқызы КӨРТАЕВА – Шет ауданы, Батық ауылында 1994 жылы 3 маусымда туған. 2022 жылдың 3 қазан күні бар-жоғы 28 жаста ауыр наукастан фениден бақиға аттанды. Қысқа ғана ғұмырында аңқылдап қана жүріп, адал өмір сүрді. Оның күлімдеген кіршіксіз бейнесі көз алдымызда әлі тұр. Бір жаққа шығып кетіп, әлі қайтып оралатын сияқты... Қимаймыз. Сартап сағынышқа айналған қызымыз мәңгі біздің жүрегімізде.
Жаның жәннатта, тәңің рахатта болсын, жарығым!

Сенбейміз арамьздан кеткеніңе,
Қара жер айналды ма мекеніңе?
Шоқ жұлдызым, жандың да ағып түстің,
Аламын тек, нұр жүзінді жиі есіме.
Сағынам, сағыныштың оты маздап,
Жүрекке түсірем де ауыр салмақ.
Көзімнен парлап аққан жастарымды,
Сүртші кеп өзін ботам, беріп қанат.
Өмірдің жолдарында тармақ-тармақ,
Жолықпайсың, күлімің көңілің алдап.
Неге кеттің ертерек арамьздан,
Арыла алмадым, осындай сауалдардан?
Соны ойласам, қарсы айрылар көкірегім,
Күліп келші бір сәтке өтінемін.

Сағыныштан өзегім қан жылайды,
Бір көрінші құшақтайың, еттең өкінемін.
Қайтейін бірақ, сұм ажалға барма айлап,
Неге сені алды екен, өмір жалған?
Жас едің, маздап тұрған алаудайың,
Енді, міне, болдың ғой жаным арман.
Тірі адам тіршілігін жасайды екен,
Қайтейін, кара жерің болды мекен.
Сені ойлап тұңғышқа бағып кетем,
Кездесердей тұңғыштан жарық сәулем.
Жалғанның жалғандығын ұқпай пенден.
Жаратқан Жұлдызымда сенді неден,
Тым ерте неге келді сұм ажалы?
Өмірден көп еді ғой алары
Тарқап та үлгермеді жыр-базары,
Сондықтан, мұңлы жүрек жыр жазады.

Сағынып еске алушылар: әкесі – **Серік**, анасы – **Райхан**, апа-жездесі – **Серікбол-Таңшолпан**, бауыры – **Мейірхан**, сіңлісі – **Сәбина** және **туған-туыстары.**
P.S. Ағайын-туыс, құда-жекжат, көзқорғандарға 12 қараша күні Шет ауданы, Ақой (бұрынғы Просторный ауылы) ауылындағы «Сәлем» дәмханасында 40 күндік асы берілетінін хабарлаймыз.
№742.



• БРИФИНГ

Институт игілігі

«Өрлеу» Қарағанды филиалы облыстағы мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының директорлары мен орынбасарларына, балабақша, мектеп пен колледждердің педагогтеріне «Педагогтердің кәсіби дамуының жаңа форматы» атты брифинг өткізді. Брифингке БАҚ өкілдері, сондай-ақ, Қарағанды, Теміртау, Шахтинск қаласы мен Абай ауданынан 100-ге жуық адам қатысты.



Жаңа адамды – жаңашыл мұғалім ғана тәрбиелейтін ескерсек, жаһандық жаңалықтардан құр қалмай, заман көшінің алдында тұрып сөз бастайтын ұрпақты шынайы бәсекелестікке қабілетті ұстаз ғана тәрбиелеп шығатыны белгілі. Осы тұста педагогтердің көпбасшылыққа кәсіби қалыптасуы жолында «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы облыс бойынша кәсіби даму институтының

қосып жатқан үлесін атап кетпеске болмайды. «Өрлеу» Қарағанды филиалы бүгінде сандаған игілікті істің ұйытқысына айналуда. Жиында «Өрлеу» Қарағанды филиалы директорының міндетін атқарушы, филология ғылымдарының кандидаты Мейрамгүл Жетпісбаева педагогтердің кәсіби дамуының жаңа форматы туралы айтып берді. Сонымен қатар, Қарағанды мен Ұлытау облысы-

ның 5000-нан астам педагогі үшін өзекті тақырыптар жайында түрлі курстың іске асырылғандығын мәлімдеді. Оның ішінде мектеп мұғалімдеріне арналған пәндік құзыреттілікті дамыту, мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері мен әдіскерлеріне ойын құзыреттілігін дамыту және мектеп тәлімгерлеріне, инклюзивті білім беру курстары бар.

Брифингке қатысушыларға

Өз тілімізден

После смерти Барановой Нины Николаевны умершей 21 октября 2022 года открыто наследственное дело. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Динисламовой Минданы Гайнетдиновне. Город Сарань, улица Джамбула, дом 67А. Телефон 87014379918. 8708594 9202.
№748.

Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ұжымы Ғалым Әбіханұлы Әшімовке анасы **Шайда СМАЙЫЛҚЫЗЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



• ОЛЕҢ!

Ол – Мен

Ауада мұң қалықтар күрсінгенде,
Қаншама тән айналды құр сұлдерге.
Кеудем менің су жұтқан кемелердей,
«SOS»-ты теріп жүрегім дүрсілдеуде

Миллион жанның ішінде жалғызсырап,
Жалғыз үміт, көңілде жалғыз сұрақ.
Қиранды үй секілді жаным мынау,
Бір әйнектен жанатын жалғыз шырақ.

Көңіл аппақ кез қайда, арман аппақ?
Үңірейіп алдыңда жарқанат бақ,
Мезгілсіз келіп қалған қонақтай боп,
«Сәлем» дейді жауған қар, қалбалақтап.

Бәрі өзгерген, бұл күнде мен де бөлек,
Түн тәтен ұйықтатып жүр шерге бөлек.
Дүниеге бірнәрсе жетпейтіндей,
Тарылып кететіндей бөлме кенет.

Үйіңнен безіп кету, есті ұмыту,
Бұрқыратып мұржадан пеш түбітін, –
Айдалада, бір үйде өртеп жатса,
Ескі мұңын, бір ақын, ескі үмітін...

ОЛ – МЕН.

Жанат ЖАНҚАШУЛЫ

• ҚЫЛҚАЛАМ

Жасампаз жоба — Алатау бөктерінде

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандылық суретші Таңсық Мәжитова 20 жылдан астам уақыт бойы «Адам. Дәуір. Уақыт» жобасын жүзеге асырып келеді. Осы жылдар аралығында ол белгілі қазақстандықтардың елуге жуық портретін бейнелеген. Енді суретші сол портреттерді Алматыдағы көрермендерге ұсынбақ. Т.Мәжитованың жеке көрмесінің ашылуы 11 қарашада ҚР Ұлттық кітапханасында өтеді.

«Жоба идеясының авторы – өнертанушы Наталья Иванина, ол Таңсықтың психологиялық портрет салудағы шеберлігін байқап, замандастар бейнесінің галереясын жасауға ой салған.



Жобаның тұрақты кураторы – жазушы, полиграфист Әлібек Асқаров, – деп атап өтті көрмені ұйымдастырушылар. – Психологиялық портрет бейнелеу өнері жанры ретінде өте күрделі және әр адамның қолынан келе бермейді. Қылқалам көмегімен суретші кейін-

керінің көркем болмысын паш етеді». Галереяға даңқты тұлғаларымыз – Асанәлі Әшімов, Фариза Онғарсынова, Герольд Бельгер, Дулат Исабеков, Смағұл Елубай және тағы басқалардың портреттері тандалған. Көрме 29 қарашаға дейін жалғасады.

• БАЙҚАУ

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеншілер мәдениет сарайында «Қыран елім – Қазақстан!» атты оқушылар арасындағы патриоттық әндер байқауының жеңімпаздарын салтанатты түрде марапаттау шарасы өтті. Шығармашылық жарысқа аудандары мен қалалардан 165 жас әнші қатысқан.

– Байқау осымен екінші рет өткізіліп отыр. Былтыр 100-ге жуық қатысушы болса, биыл одан да көп. Бізде талантты балалар баршылық, – дейді Кеншілер мәдениет сарайы директорының орынбасары Саят Әбдіғали.

Бас жүлдені теміртаулық тұрғыны Нұрсая Рзағали (9-12 жас) және Ақтоғай ауданынан Аянат Төлеутай (13-17 жас) жеңіп алды.

– Мен 10 жастамын, Осакаров ауданынан келдім. «Бірлігіміз жарасқан» әнін шырақым. Бес жылдан бері вокалмен айналысамын, мектеп үйір-

Айбынды әннің сыны



месіне қатысамын. Бұл менің алғашқы байқауым емес, бұған дейін де қатысып, жүлделі орындарға ие болғанмын, – дейді Осакаровка кенті Әлихан Бөкейхан атындағы тірек мектебінің 5-сынып оқушысы Томирис Әлімбаев.

Ал, 11 жасар Айша Ақеева Шет ауданының Жарық станциясында тұрады, жеті жасынан бастап ән айтады.

– Байқауға алғаш рет қатысуым. «Туған өлке» әнін орындадым. Ән туған жерге деген ыстық махаббат хақында болғандықтан, тандап алдым. Жетекшім – Салтанат Сәтқалиева, – дейді ол.

Қарқаралыдан келген қатысушы Аружан Зәрубай «Патриот болу – әр

адамның парызы» деп есептейді.

– Әр адам өз елінің патриоты болуы қажет. Патриоттық әндер – өз еліне, туған өлкеге деген сүйіспеншілігіңді арттырады. Байқауға Маржан Арабаеваның «Тек алға» әнін дайындадым. Оның әндері мағыналы болғандықтан, ұнайды, – деп атап өтті Қарқаралыдағы №6 орта мектептің 6-сынып оқушысы Аружан Зәрубай.

Жеңімпаздар дипломмен және ақшалай сертификатпен марапатталды. Мектеп басшылары мен қатысушыларға облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасынан Алғыс хаттар берілді.

• СПОРТ

Абай ауданы – алда

Бұқаралық спортты дамыту мен салауатты өмір салтын қалыптастыруда Абай ауданы көш бастап тұр десек, артық айтқанмыз емес. Биылдың өзінде ауданның құрама командасы облыстық XXXII «Қарлы қыс – 2022», XXXIV «Сарыарқа – 2022», V тірек – қимыл аппараттары зақымданған, есту және көру органдарының жұмысы бұзылған мүгедек спортшылар арасындағы және әйелдер спартакиадаларында жалпыкомандалық есепте жүлделі I орынды жеңіп алды. Абайлық спортшылар спорттың өзге де түрлерінен өткен жарыстарда жеңіс тұғырына көтеріліп жүр.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Мұның барлығы дене шынықтыру мен спортты дамытудың кешенді бағдарламасы әзірленіп, оның жүйелі жүзеге асырылуының арқасы деп білемін. Қазір аудан халқының 37,2 пайызы, яғни 59 166 тұрғынның 22 мыңы үнемі дене шынықтырып, спортпен айналысады», – дейді аудандық дене шынықтыру мен спорт бөлімінің басшысы Амангелді Нұрмұханов.

Ауданда 150 спорт ғимараты жұмыс істейді. Биыл Абай қаласындағы «Жігер» стадионының ауласында скейт

спорт алаңы, дене шынықтыру және спорт кешенінің жанынан көпсалалы хоккей қорты, 2-ші ықшам аудан мен Вольный ауылында жасанды көгалы бар футбол алаңы, Жартақ ауылында Street Workout алаңы ашылды.

Ақбастау, Көксу, Жартақ, Қоянды ауылдарындағы Мәдениет үйіне аудандық бюджеттен бөлінген қаражатқа тренажерлер орнатылып, тұрғындардың спортпен шұғылдануына жағдай жасалды.

Ал, Топар кентінде 100 көрерменге арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталып, 2023 жылы пайдалануға беру жоспарланып отыр.



Ауданның барлық кенттері мен ауылдық округтерінде тұрғындардың дене шынықтырып, спортпен тұрақты айналасуы үшін хоккей қорты салынып, Абай қаласында, Южный, Қарабас кенттерінде, Дубовка ауылында Street Workout спорт алаңдары орнатылады деп жоспарлануда. Сонымен қатар, Мәдениет үйлерінің жанынан дене шынықтыру-сауықтыру клубтары ашылып, спорт секциялары жұмыс істейтін болады.

Әлемге әйгілі Серік Сәпиев, Серік Нұрқазов, Абылайхан Жүсіповтерді тәрбиелеп өсірген аудандағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде спорттың алты түрі бойынша 735 жеткіншек жаттығады. Оның волейбол, казак күресі, дойбы, баскетбол және NOMAD MMA бөлімшелері Топар, Қарабас, Южный кенттерінде және Дубовка, Құлайғыр, Агрогоро-

док, Қараған, Вольный ауылдарында ашылған.

Жыл басынан бері аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі қысқы және жазғы спорт түрлерінен 73 іс-шара өткізген. Ұлттық құндылықтарымызды насихаттап әрі қарай өркендету мақсатында құмай тазы тұқымдас иттермен «Шығра тарту» сайысы бойынша республикалық жарыс, ұлттық ат спорты түрлерінен фестиваль ұйымдастырған.

Ауданның құрама командасы облыстық «Қарлы қыс» қысқы спартакиадасының 19 дүркін және «Сарыарқа» жазғы спартакиадасының 18 дүркін чемпионы. Бұл еліміздің орталығындағы бір ауданның Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған «Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды» деп атаған орнықты даму көрсеткіші деп білеміз. Абай ауданы

• ХОККЕЙ

«Сарыарқада» жаңа шабуылшы

«Сарыарқа» хоккей клубының құрамы жаңа шабуылшымен толықты. Өскемендегі «Торпедо» клубының шабуылшысы Герман Шапоревпен 1 жылдық келісімшартқа отырды. Ресейлік спортшы бұған дейін өскемендік «Торпедо» клубында 3 ойын өткізіп, 4 гол, 1 нәтижелі пас берген.

Жаңа ойыншы карьерасын 2017-2018 жылғы маусымда Ресейдің «Омские Ястребы» командасынан бастаған. Бір жылдан кейін мансабын Қазақстанда жалғастырып, өскемендік «Алтай» хоккей клубына ауысып келеді. Онымен қатар, сол жылдары «Жастар хоккей лигасы», «Бүкілресейлік хоккей лигасында» да өнер көрсетіп жүрді.

2020-2021 жылғы маусымда жас шабуылшы қытайлық «Куньлунь Ред Стар» командасына ауысады. Бұл командада 10 ойын өткізіп, 3 шайба салады. Одан кейін «Тамбов» («Vityaz Balashikh»), «Рязань», «Русские Витязи», «Бейбарыс», «Алтай Торпедо», «Торпедо» командаларының намысын қорғайды.

Өткен маусымда жас спортшы Қазақстанға келіп, атыраулық «Бейбарыс» командасының қатарына қосылған. Бұл командада 14 ойын өткізіп, 7 гол, 2 нәтижелі пас берген. Маусым аяқталмай, өскемендік «Алтай Торпедо» құрамына ауысып, 16 ойында 8 нәтижелі пас, 29 гол салады. Содан кейін «Торпедо» клубының қатарына қосылған.

• ФУТБОЛ

Маусым сәтсіз аяқталды

Ел чемпионатындағы соңғы кездесуде қарағандылықтар өз алаңында елордалық «Астана» командасымен ойнап, 2:3 есебімен жеңіліп қалған болатын. Кездесу жайында «Шахтердің» бас бапкері Вахид Масудов пікірін білдірді.

– «Астана» – шабуылшылары шебер команда. Соған қарамастан оларға лайықты тосқауыл қоя білдік. Біздің жігіттер керемет ойнады. Оларға осы сөзден басқа ештеңе айта алмаймын. Қос команда ойыншылары үшін соңғы екі ойын ауыр өтті. Маусым бойы қолдау көрсетіп келген жанкүйерлерге – мың алғыс! Әр кездесуде олардың қолдауын сезіне білдік. Маусым бойы командада біршама өзгерістер болып, ойынға шығатын аз ғана адам қалды. Ойыншыларды жібергеннен кейін команда абдырап қалды. Соңғы төрт айда бәрін басынан бастап, жаңа жоспар бойынша дайындық. Содан кейін олар жақсы ойын көрсете бастады. Бірақ, нәтиже – қанағаттандырмады. Турнир кестесінде IV орынға шықты. Еурокубокқа жолдама алғылары да келіп еді. Бірақ, маусым нәтижесіз аяқталды.

Игорь Шацкийдің жаттығу барысында алған жаракатының салдарынан «Атыраумен» кездесуде алаңға шыққан жоқ. Содан бері жасыл алаңға әлі келмеді. Сонымен қатар, Роман Мұртазаев соңғы ойынға қатыса алмады. Бұл ойында Темур Чогадзе мен Евгений Кобзар жаракатпен ойнады, – деді бас бапкер.

• ЖЕКПЕ-ЖЕК

Үздіктер қатарынан көрінді

28 қазан мен 8 қараша аралығында Біріккен Араб Әмірліктерінің Абу-Даби қаласында джиу-житесудан Әлем чемпионатынан қарағандылықтар жүлдемен оралды.

Әлемнің 49 елінен 1600-ге жуық спортшы қатысқан байрақты бөсекеге Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының арулары қатысқан болатын. 4 курс курсанты полиция сержанты Әмзе Аян мен 3 курс курсанты полиция кіші сержанты Шахноза Таджиева жүлделі III орын иеленді.

Дайындаған
Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШК ИЕС: «Saryarqa aqparat» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің Бас редакторының орынбасары Назым Саймасайқызы ДҮТБАЙ Бас редактор Еркін Кәрібайұлы МҰСАБЕК Интернет-редакция редакторы Ілияс Дүнгенбайұлы МҰҚАЙ Жауапты хатшы Қасымхан Бүркітұлы ҒАЛЫМ

Телефондар: Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-57-76 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Экономика бөлімі: 43-31-77 Саясат және құқық бөлімі: 43-30-88 Білім, ақпарат және спорт бөлімі: 43-49-72 Әлеумет бөлімі: 43-49-72 Мәдениет, руханият, әдебиет бөлімі: 43-22-92 Интернет редакция бөлімі: 43-31-77

Жарнама, факс: 43-21-55; бухгалтерия: 43-49-74; Компьютер орталығы: 43-58-08. Мемшікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы: 8-777-073-71-13 Теміртау, Сараң, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.

- Редакция 3 компьютерлік беттен асатын көлемдегі қолжазбаларды қарамайды.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Суреттер интернеттен, редакция архивінен алынды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген.
- Қолжазба мен фотосуреттер қайтарылмайды.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

№125 тапсырсы. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша

«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ

